



24 қыркүйек, сенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

3 Берекенің кілті – кәсіпте

6 Ғұламадан жеткен ғибрат

7 Цифрлық сауаттылықтың маңызы

8 Тарихтан тін тартқан



ПРЕЗИДЕНТ



ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалдыны қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Түркістан облысында биылғы 8 айда атқарылған жұмыстар туралы есеп берілді.

Дархан Сатыбалдының айтуынша, экономиканың негізгі көрсеткіші – жалпы өңірлік өнеркәсіп өнімінің көлемі 534 миллиард теңгеге жетіп, 2021 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 125 миллиард теңгеге өскен.

Облыста жалпы құны 12,7 миллиард теңгені құрайтын 26 инвестициялық жоба іске қосылып, 936 жұмыс орны ашылған. Ауыл шаруашылығы саласында 477 миллиард теңгенің өнімі өндіріліп, былтырмен салыстырғанда көрсеткіш 4 пайызға артты.

Түркістан аумағында бірқатар су нысандарына жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жоспардағы шаралар іске асырылғаннан кейін ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 1 триллион теңгеге жетті.

Сондай-ақ жыл басынан бері 486 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. Жыл соңына дейін жалпы 85 тұрғын үйдің құрылысын аяқтау жоспарланып отыр.

Облыс әкімі бюджет есебінен 59 мектептің құрылысы жүргізіліп жатқанын, нәтижесінде биыл 4 апатты және 2 үш ауысымды мектептің мәселесі шешілетінін баяндады. Бұдан бөлек, жеке инвесторлар 13 мектепті пайдалануға берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістан облысында қолға алынған жобаларды жалғастыруды және халықпен тығыз жұмыс істеу мәселесін күшейтуді тапсырды.

ЖОЛДАУ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

ТЕЛЕМЕДИЦИНА: үдеріспен үндестік

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» деп аталатын жуырдағы Жолдауында денсаулық сақтау саласына тоқталып, саланы дамытуға қатысты бірқатар міндеттемелер жүктеді.

Ә. Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Соның ішінде цифрландыру инфрақұрылымын дамытуға тоқталғаны белгілі. «Мен келесі жылдан бастап ұлттық жобаны жүзеге асыруды тапсырдым. Бұл құжат, ең алдымен, ауыл тұрғындарының сұранысын қанағаттандыруға арналған. Ұлттық жоба аясында 32 аудандық аурухана заманға сай жаңарып, енді ауданаралық көпбейінді мекемеге айналады. Сонымен қатар, телемедицина бағытын дамытатын боламыз. Сол арқылы шалғайда тұратын халыққа сапалы медициналық қызмет көрсетілетін болады» деді Президент.

2019 жылы 1 ақпанында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ресми сайтында еліміздегі телемедицина туралы мақала жарияланды. Онда ауылдық жерлерде тұратын халыққа медициналық қызмет көрсету үшін жаңа технологияларға инвестицияны көптеп салып жатқаны айтылған және телемедицина жетістіктеріне тоқталған.

«Қазақстанның телемедицина жүйесі 2004 жылы құрылған. Ол ауыл тұрғындарына арнайы медициналық көмек алуға мүмкіндік береді. Денсаулық сақтау министрлігінің 2017-2021 жылдарға арналған

стратегиялық жоспарында да телемедицинаға ерекше назар аударылған. Қазақстан цифрлық денсаулық сақтау саласын дамытуға күш салып жатыр», деп жазады ДДҰ сайты.

Сондай-ақ, автор елде 2016 жылы 28 мың телемедициналық қызмет пен бейнеконсультация өткізілгенін айтады.

«Қазақстанның телемедицина жүйесі аудандық, облыстық, ұлттық деңгейдегі 209 медицина мекемесінде жұмыс істейді. Сонымен қатар жүйе санитарлық авиацияны да қамтиды. Бұл жүйе тек медициналық қызмет көрсету ғана емес, медициналық оқу орындары студенттеріне дәріс оқып, семинарлар өткізу үшін де қолданылады» дейді автор.

Әлем цифрлық жүйені бағындырып, жасанды интеллекті алға озып, күн сайын жаңа технологиялар үстемдік құрып жатқан заманда елдегі медицина саласын уақыт талабына сай жарақтап отыру маңызды. Осы орайда әрине, түрлі ақпараттық жүйелер енгізілуде. Соның ішінде жоғарыда айтылғандай, телемедицинаның мүмкіндігін молынан пайдалану шарт.

4-бет



СӘН-САЛТАНАТТЫҢ САЛЫҒЫ ДА САЛМАҚТЫ

КЕЛЕСІ САҢДА



ЖЫЛУ МАУСЫМЫ: КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ ҚЫСҚА ӘЗІР МЕ?

Әне-міне дегенше күздің бірінші айын өткergелі отырмыз. Алда қазанның суығы басталады. Үйде, жұмыс орнында, қайда бас сұқсаң да сол жердің жылы болғаны жақсы. Газға қосылған ағайын үшін бұл басы артық мәселе болуы мүмкін. Дегенмен, шаһар тұрғындарының басым бөлігі күн суыса жылуға алаңдап отыратыны жасырын емес. Сол себепті биылғы жылу маусымына дайындық жайлы аз-кем ақпаратты саралап көрдік.

Бүгінде аймақтағы арнайы нысандарды жөндеу жұмыстары толығымен аяқталған. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Руслан Нұрмағанбетов айтты.

Ә. Ақтілек БІТІМБАЙ, «Сыр бойы»

2-бет

Өңір өнімі

Күніне 2,5 мың сабын

«Қазалының қара қауыны», «Қазалы кәмпіті», «Қазалы күріші» дейтін жақсы дүниелерді естіп келдік. Мына тауар әлеуметтік желіні бір желінідірді. Бұған дейін ауданда дайындалмаған «Қазалы сабыны» деген атпен жаңа өнім пайда болды.

Ә. Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

сүйек міндетті түрде жілік майымен болуы қажет. Бұған сондай-ақ иленген жылқының терісін де, сиырдың мүйізін де белгілі бір ережемен қосуға болады.



Біздің шағын цех қыркүйек айынан жұмысты бастады. Қазір күніне 2 жарым мың дана сабын шығарып отырмыз, – дейді Руслан.

Русланның бұл кәсіпті зерттегеніне бір жылдай болған. Ақыры тәуекелге бел буып, жергілікті жерден өнім шығаруды бастап кетіпті. «Қазалы» деген атаумен шығатын сабын жақын күндері аудандағы барлық дүкен сөрелеріне жайғаспақ.

Қазір кәсіпкер салмағы 170, 200, 250, 300 және 350 грамм болатын сабын шығаруда. Өнім бағасы да тұрғындар үшін қолжетімді.

Сондай-ақ кәсіпкер тек сабын өндіріп қана қоймай, жыл соңына дейін дәретхана қағазы, салфетка және қағаз сүлгі сияқты заттарды шығаруды жоспарлап отыр. Ал оған қажетті құрылғы көрші Ресейде құрастырылып болған. Жақын күндері елге жеткізіледі. Алдағы уақытта күнделікті тұрмысқа қажетті ыдыс жууға арналған сұйықтықты да шығаруды қолға алмақшы.

Қазалы ауданы



Ел ішінде «кір сабын» деп аталып кеткен тұрмыстық дүниенің маңызы ерекше. Ауыл мен қаладағы жұрт кір-қоңын жуарда осы сабынға көбірек жүгінеді. Өйткені өзгесінен гөрі кір сабынның сапасы әлдеқайда артығырақ. Мұны түсінген қазалылық Руслан Бөлекбаев кәсібін бастаған. Ресейдің Санкт-Петербург қаласынан арнайы аппарат алдырып, алғашқы өнімді де шығарып көрді.

– Сабын құрамы 100 пайыз экологиялық таза өнімдерден тұрады. Олардың ішіндегі ең негізгісі – төрт түліктің сүйегі. Ол үшін Орал қаласындағы арнайы консервіленген ет шығаратын «Кублей» компаниясымен келісім-шартқа отырдық. Айта кетейін,



ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Мәселелер мұқият зерделенеді



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев кезектілік тәртібімен жазылған азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Қабылдауға 9 азамат келді. Басым бөлігі жұмыспен қамту, шағын кәсіпті қолдау және тұрғын үй алу мәселесін көтерді. Мәселен, екі жұмыссыз азамат шағын кәсіп ашуға мемлекет тарапынан

қолдау көрсетуді айтса, Қызылорда қаласы мен аудандардан келген 3 азамат тұрғын үй алуға ықпал етуді сұрады.

Аймақ басшысы өзін-өзі жұмыспен қамтып, кәсібін ашам деген азаматтарға

барынша қолдау көрсету қажет екенін баса айтты. Сондай-ақ, мемлекет тарапынан берілетін қайтарымсыз гранттар әділ әрі ашық түрде берілуі керектігін қаперге салды. Бұл ретте салалық орынбасары мен облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысына қабылдауға келген азаматтардың өтініш-тілектерін мұқият зерделеп, заңдылыққа сәйкес тиісті жұмыстар жүргізуді тапсырды.

Тұрғын үй мәселесі тек заң аясында шешілетіні түсіндірілді, яғни, өтініш берілген кезден бастап тізімде белгіленген кезек ретімен ғана табысталады. Ал уақытша баспана аса мұқтаж тұрғындарға ғана берілетінін еске салды.

Айта кетейік, кейінгі уақытта Сыр өңірінде тұрғын үй құрылысы қарқынды жүргізілуде. Быыл СПМК-70 тұрғын ауданынан 500 пәтерлі 10, сол жағалаудан жалғыз баспанасы апатты деп танылған тұрғындарға 50

пәтерлі 1 тұрғын үй құрылысы аяқталып, 550 отбасы немесе 2750 адам жана қоныстарына ие болады деп жоспарлануда. Бұл жұмыстар аудандарда да ұйымдастырылуда.

Аймақ басшысының жеке қабылдауына келген 3 азамат жұмыспен қамту мәселесін көтеріп, тұрақты жұмысқа орналастыруды сұрады. Бұл ретте бос жұмыс орындарының тізіміне қарай мәселе қаралады.

Осы уақытқа дейін аймақ басшысы 19 жеке қабылдау өткізіп, 163 азаматтың мәселесін саралады. Көтерілген әрбір мәселе әртүрлі шешімді қажет етеді. Облыс әкімінің қабылдау барысында айтылған тапсырмалары белгіленген мерзімде орындалады. Мәселелер тұрақты бақылауында.

Айта кетейік, облыс әкіміне жазылу үшін азаматтар egov.kz порталы арқылы, e-otinish бірыңғай базасы мен жазбаша нысанда әкімдікке келіп өтініш бере алады.

ПІКІР-ПАЙЫМ

Жаңару жолындағы қадам

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында негізінен халықтың әлеуметтік жағдайын арттыруға баса назар аударылып отыр.

Жолдаудағы тұздықты түс алдағы Президент сайлауы болғаны рас. Негізі Қ.Тоқаевтың Президенттік өкілеттілігі 2024 жылдың жазында аяқталуы тиіс еді. Мемлекет басшысы мұндай маңызды да жауапты қадам халықтың жаңа сенім мандатына ие болуы үшін керек екенін нықтап айтты. Айтпақшы, бұдан былай Президент 7 жылға және тек 1 мерзімге сайланады.

Ел әлеуетін арқалаған құжатта біраз маңызды тұстар айтылды. Мәселен, талай азаматты соттың да, Әдеп кенесінің де талқысына салған мемлекеттік сатып алудың жаңа жүйесі жасакталмақ. Әр аймақтың ерекшелігін ескере отырып, «Қала құрылысының» кодексі қабылданбақ.

Жолдауда жолдардың сапасы, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру саласының тиімсіз тұстары айтылды. Сонымен қатар енді жемқорлардан кәмпескеленген қаржы мектептер салуға бағытталмақ.

Бір қолмен бесікті тербетіп, екінші қолмен тірлікті түгендеп отырған жас аналардың декреттік төлемі бала 1,5 жасқа толғанша төленбек. Ал әйелдердің зейнетке шығу жасы 63-тен 61 жасқа шегерілді. Келер жылы 100 мың жасты жұмыспен қамту міндеті тұр. Тағы бір жағымды жаңалық 18 жасқа дейінгі балалардың шотына Ұлттық қордың инвестициялық табысынан ақша түсіп отырады. Ол қаржы 18 жасқа толғанша алынбайды. Тиісті жасқа жеткенде баспана алуға, оқу ақысына бағытталмақ. Одан басқа еліміздегі ең төменгі жалақы деңгейін 60 мың теңгеден 70 мың теңгеге дейін көтеру 1,8 миллион азаматтың әлеуметтік жағдайына тікелей әсер ететіні анық.



Қаңтар оқиғасына қатысқандарға ішінара рақымшылық жасалады. Мемлекеттік басқару жүйесі трансформацияланады. Келер жылы Мәжіліс және мәслихат депутаттарының сайлауы басталады. Мемлекет басшының айтуынша, Үкіметке айтылар сын баршылық. «Жаңа Қазақстанның жаңа дәуірі енді басталғалы тұр. Осы жолда ұлт болып ұйысуымыз қажет» деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Ең бастысы, Жолдауда айтылғандай, халықтың әлеуметтік жағдайы мемлекеттің басты назарында қала бермек. Айтылған жайттардың түп мақсаты – жұрттың тұрмысын жақсарту, әл-ауқатын арттыру. Бұл қазіргі кезеңде болашаққа деген сенімді ұлғайтады.

Сонымен бірге, Бюджет саясатына реформа жасалатын болады. Бюджет кодексінде шекті нормативтер бекітіліп, оны бюджетті жоспарлау және орындау кезінде міндетті түрде ұстану қажет екені атап өтілді.

Сондай-ақ, жұмыс барысында бетпе-бет кездесу мүлдем болмайтындай етіп, салықтық бақылау қызметін толық цифрландыру қажеттігіне тоқталды. Салық төлеушілердің төлемнен қашпайтындай арнайы салық режимдерін жеңілдету керек. Салық жүктемесін төмендету мақсатында ұйымдарды әдейі бөлшектеуге жол бермеу мәселесі жаңа кодексте қарастырылуы қажеттігін айтты. Бұл бастамалар жұмысты жүйелеуге жол ашады.

ӘДІСЕНБАЕВ,
облыс бойынша
қазынашылық
департаментінің басшысы

БРИФИНГ

Жолдау жүктеген міндет көп

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауынан туындайтын міндеттер мен атқарылар шаруалар көп. Онда көрсетілген әрбір бағыт ауқымды істерді қамтиды. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифинг барысында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қаржы саласының үздігі Қалқабек Әжібеков Президент берген тапсырмаларға жеке тоқталып, тарқатып берді. Әдіресе қаржы саласын жетілдіру мен оны жүйелеуге басымдық беру қажеттігін айтты.

Сb Айсауле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

– Мемлекет басшысы еліміздің жаңа экономикалық саясатының жаңа жүйесін құрудың 9 бағытын атап көрсетті. Соның ішінде бағаны реттеу деген мәселеге келер болсақ, бұл – өзінен-өзі реттелмейтін нәрсе. Сондықтан өнім өндіруді, оның ішінде отандық өнімді жоғарылатпайынша баға шарықтай береді. 1993 жылы 1 доллар 4,75 теңге болатын. Ал қазір 100 есеге өсті. Біз жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің бәрін сырттан тасимыз.

Мен екі нәрсеге басымдық бергім келеді. Салық кодексіндегі үлкен нәрсе – дифференциалды салық салу. Бұрын бұл бар-тұғын. Мәселен, отбасында 4 бала болса, онда табыс салығына 30 пайыз жеңілдік берілетін. Қазір барлығына бірдей 10 пайыз. Осыған қайтып келу керек сияқты. Табыс көбейген сайын, оның прогрессивті шкаласы жүретін. Ол бүгінде жоқ. Бюджет кодексіне келсек, шекті нормативтер бекітіледі. Ұлттық қордың қаржысын тиімсіз жұмсау тоқтатылады, – дейді қаржыгер.

Сонымен бірге Қ.Әжібеков «Халық қатысатын бюджет» жобасына қатысты пікірін де білдірді. Салық түсімін өңірлердің өзіне беруді дұрыс деп санайды.

– Халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту бойынша ең төменгі табыс деңгейін 70 мың теңгеге көтеру, жастарға

кәсіп бастауы үшін жеңілдетілген пайызбен несие беру, жұмыссыздықты азайту туралы оң шешімдер қабылданды. Бүгінде облыста кәсіпкерлер саны артып келеді. Жеке мектеп пен балабақша ашып, балаларымыздың жақсы білім алуына үлес қосып жатқан кәсіпкерлерді қолдауымыз керек. Сондай-ақ оқушылардың мектеп формасы барлығына қолжетімді болуы керек деген ойдамын. Барлық баланың бірдей киім үлгісінде және бір деңгейде білім алуына жағдай жасауымыз керек, – деді ол.

Брифинг барысында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары саласының ардагері Келдібай Бектұрғанов Жолдаудағы тың жобаларға қатысты көзқарасын білдірді.

– Жастарды ауылға тұрақтандыру керек. Олар қаладағы үздіксіз жүріп жатқан құрылысқа келіп, жұмыс істеуде. Бірақ келешегі қалай болады? Қалаға тұрақтап қалғаннан не ұтады? Ауылда шаруашылықпен, мал бағумен айналысатын адам қалмады. Жастарды өздерінің тұрғылықты жерінде жұмысқа орналастыру керек деген тапсырма көңілден шықты. Оларға жер беріп, өз-өздерін асырай алатындай жағдай жасалу керек. Ал тұрақтандыру үшін балабақша, мектеп, емхана сапып, қаладан кем түспейтіндей мүмкіндік қарастырылу қажет, – деп санайды ардагер.

Үйлесімді жұмыста іркіліс болмайды

Жылу беру маусымына санаулы күндер ғана қалды. Аймақ тұрғындары күздің ызғары сезілетін уақытта да, қытымыр қыста да жыладан қиындық көрмеуі тиіс. Сондай-ақ, әлеуметтік нысандарда коммуналдық жүйелердің апаты мен ақауларын болдырмау аса маңызды. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қала, аудан әкімдері және сала басшыларымен бірге жылу беру маусымына дайындық мәселелерін пысықтады.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Руслан Нұрмағанбетов дайындық барысын



баяндады. Оның айтуынша, әлеуметтік нысандардың жылу беру маусымына әзірлігі 100 пайызға жетіп қалған. Жоспар бойынша облысқа жалпы 176,1 мың тонна көмір қажет. Оның ішінде тұрғындарға 142,5 мың, әлеуметтік нысандарға 33,6 мың тонна керек.

Аймақ басшысы жылу беру маусымы іркіліссіз жүруі

керек екенін қатаң ескертті. Сондай-ақ, әкімдер уақыт оздырмай, көмірдің 3 айлық қорын алдын ала жасап алуы тиіс. Жанар-жағармайдың тиісті көлемде жеткізіліп, бекітілген бағадосатылуын бақылауға алуды міндеттеді.

– Жыл сайын күн суытқан кезде облыс орталығындағы көмір қоймаларында қатты отынға сұраныс артып, халық арасында қарбалас туындап, тұрғындардың шағымы көбейеді. Мұны болдырмауымыз керек. Себебі, жақын орналасқан Сырдария, Жалағаш, Шиелі аудандарда отын қоры әлі де аз. Осы мәселеге жете көңіл бөліңіздер, – деді Н.Нәлібаев.

Облыс әкімі көмір қорын жеткізуде Арал, Жала-

ғаш, Сырдария аудандарының көрсеткіші көңіл көншітпейтінін айтып, әкімдерге 1 қазанға дейін жұмысты үйлестіруді қатаң тапсырды.

Отырыста облыс әкімінің орынбасары Мархабат Жайымбетов қала, аудандардағы көмір қорына деген қажеттілік пен нақты жұмыстарға, қатты отынды тасымалдау мәселесіне тоқталды.

Жиында коммуналдық қызмет көрсететін мекемелердегі қарыз берешегі мәселесі ашық талқыланды. Аймақ басшысы жұмысты тиімді ұйымдастыра алмай отырған сала басшыларын сыңға алып, төлем түсіру мәселесіне жеткілікті деңгейде мән беріп, жұмысты жандандыру қажет деді. Сондай-ақ, білім, мәдениет, денсаулық салаларындағы нысандардың жылумауы процесінде ақау туындамауы керек екенін ескертті.

ЖЫЛУ МАУСЫМЫ: КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ ҚЫСҚА ӘЗІР МЕ?

Оның айтуынша, коммуналдық кәсіпорындар мен әлеуметтік нысандарда дайындық жұмыстары жоспарға сәйкес жүріп жатыр.

– Облыстағы 1064 әлеуметтік нысанның қысқа дайындығы жақсы. Жылу беру маусымына дайындық кезеңінде 529 білім, 288 мәдениет және спорт, 247 денсаулық сақтау нысанына жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, көмір бағасын бірқалыпты ұстау үшін әкімдік пен өңірлік операторлар арасында келісім-шарт жасалды. Жалпы дайындық барысы облыс әкімдігінің тұрақты бақылауында, – деді Руслан Аймырзақұлы.

Биылғы жылу беру маусымына жоспар бойынша 170 мың тоннадан аса көмір қажет болса, соның 30 мың тоннадан астамы өңірдегі әлеуметтік нысандарға қажет. Әзірге облысқа 150 мың тоннаға жуық қатты отын жеткізілген, яғни, қоймада қажетті көмірдің 84 пайызы дайын. Ал облыстағы қабылдау пунктінде көмір 14500 теңгеден жоғары саудалануда. Айта кетейік, оның ішінде «Шұбаркөл», «Қаражыра» және «Богатырь» көмірі бар.

– Аймақта 247 медициналық нысан бар. Оның ішінде 12 нысан автономдық жылу жүйесімен 18 нысан орталықтандырылған жылу жүйесімен 183 нысан қатты отынмен жүйесі (көмір), 18 нысан дизельмен және 16 нысан газбен жылытылады. Қазір осы барлық денсаулық сақтау ұйымдарына қажетті

қатты отын мен сұйық отынға келісім-шарт жасалып, жеткізілді. Қысқа дайындық толық қамтамасыз етілуде, – деді облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Нұрлыбек Таукеев.

Облыстық білім басқармасының басшысы Мейрамбек Шермағанбеттің баяндауын-

ша, білім беру нысандарына қажетті сұйық және қатты отын көлемі анықталған. Бүгінде жылу маусымына тиісті қаражат бөлініп, дайындық жұмыстары жүруде.

Орайы келгенде айта кетейік, Сыр елінде заманауи үлгідегі жаңа жылу-электр станциясы салынбақ.

Электр қуаты 240 МВт құрайтын және жылу энергиясын беретін бу-газ қондырғысы құрылысының жалпы құны 200 миллиард теңгеден асады. Бүгінде нысан құрылысын жүргізетін инвестор компания анықталған. Ауқымды жобаны түріктің «Акса Енегу» компаниясы іске асырады.

Айта кетерлігі, бұл – елімізде бюджеттен тыс қаржы көздерінен, яғни, шетелдік инвесторлардың қаржысына салынатын ең ауқымды жоба. Аталған жоба қолданыстағы инфрақұрылымды қайта жаңғырту арқылы «Қызылорда жылу-электр орталығы» кәсіпорнының аумағында жүзеге асырылмақ. Құрылыс 36 айға межеленген. Сәтін салса, станция 2025 жылы ел игілігіне беріледі деп күтілуде. Өз кезегінде жаңа нысан аймақтағы энергия жетіспеушілігін едәуір төмендетпек.



1-бет



Қайраткер атындағы көше



Ғафур Мұхамеджанов небәрі 18 жасында майданға аттанған. Ол Ленинградтан Германияға дейінгі жерлерді азат ету ұрыстарына қатысқан. Елге оралып, ұзақ жылдар бойы партия және кеңес органдарында жемісті еңбек етіп, Одақтық

Қызылорда қаласындағы сол жағалаудағы бір көшеге мемлекет және қоғам қайраткері, Ұлы Отан соғысының ардагері Ғафур Мұхамеджановтың есімі берілді. Көшенің ашылу рәсіміне облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов және зиялы қауым өкілдері, жастар қатысты.

Сб Гүлбану МАҚАЖАН,
«Сыр бойы»

дәрежедегі зейнеткерлікке шыққан.

Үш мәрте «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, «Ерен еңбегі үшін», «Георгий Жуков», «Тыңға – 50 жыл», «Қазақстан Конституциясына – 10 жыл» медальдарымен, Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткені үшін III «Данқ», I дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен, «Ерлігі үшін» медальдарымен наградталып, еліне адал қызмет еткен.

Салтанатты рәсімде облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов сөз сөйледі.

– Ғафур Мұхамеджанов саналы ғұмырында облыстың дамуына атсалысып, кәсіби тәжірибесін жұмсап, парасатты істерімен халықтың жүрегіне жол тапты.

Ағамыз жастайынан еңбек етіп, шыңдалып өсті. Ұлы Отан соғысына қатысып, қан кешіп, Отанын қорғады. Майданнан оралып, елдің ертені үшін аянбай еңбек етті. Оның жүріп өткен жолын електен өткізсек, өзін-өзі еңбегімен қалыптастырған, жігерімен алға жетелеген қайраткердің тұлғасын көреміз. Халықтың жүрегінде



қалған оның есімі ел жадынан өшпейді, жасаған қалтқысыз қызметі ұмытылмайды, – деді мәслихат хатшысы.

Іс-шарада еңбек ардагерлері қайраткер туралы естеліктерін бөлісті. «Өткенсіз болашақ жоқ» дегендей, кейінгі ұрпақ

аға буынның жақсы ісін үлгі тұтып, құрмет-қошеметін аямайды.

КӘСІП ПЕН НӘСІП

Арал ауданында кейінгі жылдары кәсіпкерлік өркен жайып келеді. Ауданға жол түскен сапарымызда соның бір парасын бағамдауға мүмкіндік туды.

Сб Ақтілек БІТІМБАЙ,
«Сыр бойы»

Берекенің кілті – кәсіпте

Мемлекет берген мүмкіндікті тиімді пайдаланып, кәсіпкерлікке ден қойған жанның бірі – Асхат Абылаев. Ол аудан орталығынан автожөндеу орталығын ашып, табан ет, маңдай терімен тапқан ризығын жеп отыр. Өзінің айтуы бойынша, екі қолға бір күрек таппай біраз сандалған. Бірақ еті тірі, техника тілін түсінген ол ойлана келе көлік жөндеу ісімен айналыса бастайды. Істің ыңғайын білетін азамат алғашқыда үйінің ауласында қызмет көрсетіп бастаған. Кейін сапалы жұмысқа риза болған тұрғындар саны арта түсіпті. Алайда, қажет техникалардың болмауы біраз қол байлаған. Міне, осыдан соң мемлекеттен қаржылай қолдау алып, кәсібін кеңейтуге бел буады. Ол бүгінде көліктерді арнайы орында жөндейді.

– Ізденген, ерінбеген адамға мемлекет көмек қолын созып отыр. Екі ай бұрын 1,2 млн теңге қайтарымсыз грант алып, кәсіп бастадым. Бұрын үйде де осы жұмыстарды атқарғандықтан, алғашқы кезден-ақ өзімнің тұрақты клиенттерім келе бастады. Осы күндері көлік жөндетіндер саны артуда.

дауым кәсіпкерлікке ауды. Аудандық әкімдіктегі жауапты мамандардың кеңесімен несиеге керекті құрылғыларды сатып алуға мүмкіндік туды. Қызмет көрсету аясын кеңейтіп, көмекке шеберлер ала бастадым. Қазіргі кезде 6 адамды жұмыспен қамтып отырмын, – деді ол.

Кейіпкеріміз бұл саланы таңдағанына өкінбейтінін айтады. Жан қалауы осы сала, қызмет тұтынушылар қатары да артып келеді. Бүгінде оған ауылдардан келіп бет күтімін жасататындар бар.

Ауданның жаңалығы жалғыз бұл емес. Бәрімізге белгілі бір жайт, өңірдегі өндіріс орындарының біршамасы Арал ауданында орналасқан. Оның ішінде тұз бен балық өндірісінің орны бөлек. Алдағы уақытта бірнеше игі бастама қолға алынбақ. Бұл туралы Арал аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің бас маманы Ерболат Тасқынбаев айтып берді.

– Шөміш елді мекенінде орналасқан «Aral Quartz» ЖШС-ның «Кварц құмын байыту бойынша тау-кен комбинатының құрылысы» жобасының I кезеңі

шетелге, сондай-ақ, шыны зауытына да сатылмақ, – деді ол.

Айтпақшы, комбинаттың қуаттылығын арттыру, өнім түрлерін көбейту үшін жүзеге асырылып жатқан II кезеңде құрылысқа 4 гектар жер телімі, «Шығыс Сарышоқы», «Рай» және «Жантілес-2» учаскелерінде кварц құмын өндіруге жер пайдалану құқығы берілген.

Сөз орайы келгенде айта кетейік, мұндағы «Аралтұз» акционерлік қоғамының ас тұзын өндіру зауытын да жұмысы жүйелі, ісі тиянақты өндіріс орнының бірі деуге болады. «Аралтұздың» өндіріс аймағында бүгінде 4 цех орналасқан. Олар – украин цехы мен бірінші, екінші және үшінші испан цехы. Қазір үш цех жұмыс істеп тұр. Ал бірінші испан цехы жанартылу үстінде. Жаңғыртуға 2 млрд теңге қарастырылған. 2014 жылы іске қосылған цехта 200 адам қызмет етеді.

Негізінен зауыт жыл басында 170 мың тоннаға жуық ас тұзы мен

Сапар барысында аудан орталығындағы қалаішілік жолдарды жөндеу жұмыстарын да көзбен көріп қайттық. Мәселен, біз аялдаған Панфилов көшесін ретке келтіруді «Арал құрылыс» ЖШС өз мойнына алып, жұмыстарын бастап кетіпті. Үш ай мерзімге созылатын жұмыс нәтижесінде автомобиль жолы толықтай жөндеуден өтіп, екі жақты жаяу жүргіншілер жолы мен жарық шамдары орнатылады. Құрылысқа қажетті материалдар Ақтөбе облысынан әкелінген. Жол жөндеу жұмысының жайы туралы мердігер мекеме «Атағұлов» ЖК төрағасы Ғалымжан Атағұлов айтып берді.

– Жол жөндеу жұмыстары кезінде ең бірінші кезекте сапаға көңіл бөліп отырмыз. Қолданылатын материалдардан бастап, оның дұрыс қалануы мен төзімділігі назарда ұсталады. Асфальт құюға дейінгі жұмыстарға 12 адам тартылған. Ал асфальт төсеуге тағы да арнайы бригада алынады, – дейді ол.

Осы тұста айта кетейік, биыл республикалық, облыстық және аудандық бюджеттен қаржы бөлініп, «Қаратөң-Жаңа-құрылыс», «Бөген-Ақлақ» бағытында және Қызылжар елді мекеніне кіреберіс жолдың құрылысы жүргізілмек. Осы секілді жол жөндеу бағытында жасалып жатқан жұмысты аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының орынбасары Жанқожа Құдайберген баяндады.

– «Ауыл – ел бесігі» бағдар-

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Шағын грант жұмысты ширатты

Өткен аптада өңірлік коммуникациялар қызметі мен облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы кәсіпкерлік нысандардың жұмысымен танысу үшін баспасөз турынын ұйымдастырды. Белгіленген жоспар аясында қаладағы кәсіпорындардың жұмыс барысын көріп қайттық.

Сб Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»

Ең алдымен Дәулет Ізбасарұлының «Әділет» өндірістік-техникалық көпсалалы кәсіпорнына келдік. Мұнда «Таза сабын» атауымен күнделікті тұрмыста қолданатын сабын шығарылады. «Бизнестің жол картасы – 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың бағдарламасы аясында 4,5 млн теңге грант ұтып, цех жұмысын жолға қойған. Қарамағында 20 шақты жұмысшы бар. Жақында өңірлік инвестициялық орталықтың көмегімен 9 млн қаражатқа қол жеткізіп, «Таза ұнтақ» деген атаумен химиялық ұнтақ дайындап, кәсібін кеңейтті. Дайын өнімнің 70 пайызы өңірдің сауда орталықтарында сатылууда.

– Тәулігіне 1500 дана сабын шығарамыз. Өнімнің сапасына мән береміз. Сол үшін де өндіріске қажетті құрал-жабдықтарды арнайы Бішкек қаласынан алдырамыз. Жақында жаңа цех жұмысын бастадық. Өнімдерді облыс аумағынан бөлек Астана, Ақтөбе қалаларына жібереміз. Келешекте жұмыс ауқымын одан әрі кеңейтіп, өндіріс көлемін арттыра бермекпіз, – дейді кәсіпкер Дәулет Ізбасарұлы.

Химиялық ұнтақ арнайы шет елден алынған қоспалардың көмегімен дайындалады. Айтуынша ұнтақ өндірісін бастамай тұрып, оның құрамын толық зерттеген. Нәтижесінде оны барынша ұзақ қолданатындай етіп өндіруде. Алдағы уақытта химиялық өнімдердің тұр-түрін шығаруға ниет еткен кәсіпкер өндіріс аясын кеңейтіп, жұмысшылар санын көбейтуді жоспарлап отыр. Егер сабын, ұнтақ өндірісін айналысуға ықыласы адамдар болса, өз тәжірибесі бөлісуге дайын екенін жеткізді. Бастысы аталған өнімдер тұтынушылардың көңілінен шықса болды.

Одан әрі кейінгі үлгідегі техникалық аппараттың көмегімен жұмыс істейтін «МТР» көлік жуу орталығына бардық. Мұндай құрылғы өңірде тек біреу ғана дегесін жаңа үлгідегі техниканы көруге қызықтық. Дегендей-ақ, көлік моторын бу арқылы тазалайтын құрылғы екен. Бүгінде қаладағы жалғыз түйір аппараттың қызметіне жүгінетіндер қатары артқан. Кәсіпкердің айтуынша, көліктің моторын тазалау құны 3000 теңгеден басталып, көлеміне қарай, бағасы да қымбаттай береді. Қазір екі адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Олардың бірі – жарнамалаушы, екіншісі – техника арқылы көліктерге қызмет көрсететін маман.

– Былтыр кәсіпкерлікті қолдауға арналған инновациялық бағдарламаға қатысу үшін бизнес-жоспар дайындадық. Нәтижесінде 3 млн теңге көлеміндегі қайтарымсыз грантқа қол жеткізіп, соңғы үлгідегі көлік моторын тазалайтын аппаратты Италиядан алдырдық. Техникалық құрылғымен жұмыс істейтін маманды арнайы оқытып, күнделікті 10-15 тұтынушыға қызмет көрсетеміз, – деді «МТР» көлік жуу орталығының өкілі Әмірәлі Сәдуақас.

Кәсіпкердің айтуынша, бұл қызметке жүгінетіндер саны артса, аталған техниканың басқа да түрлерін алдырып, бірнеше адамды жұмыспен қамту жоспарланып отыр.



Әуелгіде қорқасоктадым, қазір тәуекел еткеніме қуанамын. Қаржылай көмекке арнайы құрылғылар сатып алдым. Бірге жұмыс істейтін көмекшілерім бар. Арнайы жөндеу орнын жалға алып отырмыз, – деді кәсіп иесі.

Қолы қимылдағанның аузы да қимылдайды. Адал еңбекпен тапқан табыстың берекесі артады. Бұл – кәсіпкер үшін де абырой. Осы қатарда Светлана Жалтумаева да бар. Ол «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында қаржы алып, «Әсем» сүлулық салонын ашқан.

– Бұған дейін білім саласында еңбек еттім. Кейін облыс орталығында арнайы бет күтімді академиясына барып, салаға деген қызығушылық пайда болды. Арнайы курстан өткен соң бос уақытымда үйренген дағдыны кәдеге жаратып, жұмыс істеп жүрдім. Нәтижесі көңіл қуантты. Келуші саны да артты. Екі жұмыстың бірін таңдау керек болды. Осылайша таң-



іске асырылды. Комбинат жылына 120 мың тонна байытқан кварц концентраты мен құрғақ құрылыс ұнтақтарын шығаратын болады. Аталған жобаның құрылысы кезінде 39 адам жұмыспен қамтылса, II кезеңі аяқталып, толық іске қосылғанда комбинатта 70 адам жұмыс істейтін болады. Жалпы бұл комбинаттан шығатын өнімге сұраныс жоғары. Мұндағы өнім

190 мың тоннаға тарта техникалық тұз өндіріген. Бұл – былтырмен салыстырғанда әлдеқайда жоғары көрсеткіш. «Қарапайым заттар экономикасы» мемлекеттік бағдарламасы арқылы қаржыландырылған зауытта жалпы саны 1200 адам жұмыспен қамтылған. Айтпақшы, мұнан шыққан өнімнің 20 пайызы ішкі нарықты қамтыса, қалған 80%-ы экспортқа жөнелтіледі.

Арал ауданы



Өз емхананыңызды таңдаңыз!

Елімізде 15 қыркүйектен бастап жыл сайынғы емхананы еркін таңдау науқаны өтуде. Акция 15 қарашаға дейін жүргізіледі. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры облыс бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов науқан барысы туралы айтып берді.

Б Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Филиал директорының айтуынша, акцияға аймақтың 25 емханасы қатысуда, оның 14-і – мемлекеттік, 11-і – жекеменшік. – Акция республика көлемінде жыл сайын өткізіледі. Науқан кезінде тұрғындар өздері тіркеуде тұрған емхана жұмысына қанағаттанбаса басқасына ауыса алады немесе өз емханасы ішінде басқа учаскелік дәрігерді таңдауға мүмкіндігі бар. Емхана таңдауда басты ескеретін жайт – ол үйден 15-20 минут уақытта жаяу жететін жерде орналасқаны жөн. Бұл учаскелік дәрігердің немесе мобильді бригаданың көмегі қажет болған жағдайда оның жедел жетуіне, сондай-ақ, отбасы мүшелерінің бір дәрігерге қаралуына мүмкіндік береді. БМСК ұйымына тіркелген пациент жергілікті дәрігердің қабылдауы, амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, скринингтік тексерулер, диагностикалық зертханалық және аспаптық зерттеулер сынды медициналық көмек пен емдеуге жатқызуға жолдама алады. Тұрғын МӘМС жүйесінде сақтандырылу мәртебесі болмаса да емханаға тіркелудің еркін таңдауын пайдаланғанымен, әрі қарай толыққанды жоспарлы медициналық көмектер алу үшін сақтандырылуы тиіс, – дейді Бақыт Торғайбайұлы.

22 қыркүйектегі мәлімет бойынша екі мыңға жуық адам өз таңдауын жасаған. Олардың көпшілігі мемлекеттік емханаларға тіркелген. Былтыр науқан кезінде БМСК ұйымдарына 14 мыңнан астам тұрғын тіркелсе, оның 12,5 мыңы мемлекеттік емханаларды таңдаған. – Тіркелуге болатын барлық емханалардың тізімін қордың <https://fms.kz/kz/> сайтынан «Клиниканы таңдау» бөлімінен алуға болады. Науқан кезінде бастапқы медициналық-санитариялық көмек ұйымына тіркелген азаматтар 2023 жылдың 1 қаңтарынан медициналық көмек ала бастайды. Бұрын тіркелген БМСК



ұйымынан есептен шығару автоматты түрде жүзеге асырылады, – дейді филиал директоры. Таңдалған емханаға тіркелудің екі жолы бар. Бірінші әдіс, бұл барлық азаматтарға арналған. Электрондық үкіметтің веб-порталы арқылы бекіту: www.e.gov.kz сайтындағы «Денсаулық сақтау» бөлімінде «Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін



медициналық ұйымға тіркелу» қызметін таңдау қажет. Әрі қарай электрондық өтініштің барлық жолдарын толтыру қажет. Пациент туралы мәліметтерді емхана мемлекеттік ақпараттық жүйелерден автоматты түрде алады. Жауап оң болған жағдайда медициналық ұйымға тіркелгеніңіз туралы хабарлама беріледі.

Екіншісі халықтың жеке-леген санаттарына арналған. Олар емханаға жеке басын куәландыратын құжатпен тікелей жүгіне алады. Атап айтар болсақ, олар – зейнеткерлер, мүгедектер, қамқоршы тағайындалған заң бойынша бала кезінен мүгедектер, қорғаншылар немесе қамқоршылар, патронаттық тәрбиешілер, колонияда жазасын өтеушілер, студенттер, мерзімді қызмет әскери қызметшілері, шет мемлекеттерде туған балалар, сенімхат бойынша бекітуді рәсімдейтіндер.

Айта кету керек, емхананы еркін таңдау құқығын пайдаланбаған азаматтар бұрын өзі қаралған ұйымында қала береді. Тіркеу науқаны емхананы ауыстырудың жалғыз мүмкіндігі емес. Бұл рәсімді жылына бір рет науқан аясында жасауға болады, сондай-ақ, егер адам тұрақты немесе уақытша тұратын жерін, жұмысын, оқу орнын ауыстырған жағдайда, басқа елді мекенге көшкен болса немесе ол тіркелген емхана қайта ұйымдастырылса, басқа да жағдайларда емхананы ауыстыруға құқылы. Ендеше, науқан аясында мүмкіндікті пайдаланып, өз емхананыңызды таңдаңыз.

Аудандық ауруханада жасалған ота

Сырдария ауданы Іңкәрдария ауылының тұрғыны, үшінші топтағы мүгедек Бодаш Байман созылмалы остеомиелитпен ауырады. Бұл – сүйектерге әсер ететін ауыр инфекциялық және қабыну процесі. Жақында науқастың ампутиацияланған аяғына дәрігерлер тағы бір ота жасады, сол арқылы іріңнің жиналуын тоқтатты.



– 2015 жылы кездейсоқ жағдайлар кезінде сол аяғымнан айырылып, тізеден төмен ампутиацияланды. Содан бері бірнеше рет іріңдеді. Астаналық дәрігерлер өлі аймақты алып тастауға мәжбүр болды. Жақында Дәуірхан, Нұрсұлтан атты аудандық аурухана хирургтары тағы бір ота жасады. Оларға кәсібилігі мен шыдамдылығы үшін алғыс айтамын. Қайта асқынбайды деп үміттенемін, – дейді Б.Байман.

Дәрігерлер пациенттердің өмірі үшін сағат сайын күреседі. Жыл басынан бері хирургтер 100-ге жуық түрлі ота жасады.

– Хирургия бөлімінде 15 науқас емделуде. Бұл әртүрлі диагнозы бар аудан тұрғындары. Олардың арасында аппендицит, грыжа, жаракаттар бар. Айта кету керек, аудандық ауруханада телемедицина жүргізу үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған. Санавиациямен облыстық орталыққа пациенттерді жеткізу немесе дәрігерлерді аудандық ауруханаға ота жасау үшін әкелу мүмкіндігі бар. Науқас тасымалданбаған кезде шұғыл түрде санавиациямен нейрохирургтер, балалар травматологтары және басқа да мамандар келеді, – дейді хирург-дәрігер Нұрсұлтан Ертауұлы.

Жыл басынан бері Сырдария аудандық ауруханасында 4,3 мыңнан астам тұрғын ем алды. Бұл мақсатқа Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан 543,8 млн теңге бөлінді.

«СБ» ақпарат

ТЕЛЕМЕДИЦИНА: үдеріспен үндестік

Жалпы телемедицина деген не? Бұл – информатика (компьютер және интернет) және телекоммуникациялар (телефон), сондай-ақ технология мен медицинаның соңғы жетістіктерін пайдалана отырып, қашықтан медициналық және денсаулық сақтау қызметтерін көрсету. Дамыған елдерде ондай қызметтерге денсаулық жағдайымен кенесу және науқасқа дәрігерге бармай-ақ диагноз қою (маманға жіберілген рентген суреттері, эхограммалар, ЭКГ, магнитті-резонансты томография, компьютерлік томография немесе УДЗ негізінде) жатады. Маңыздысы, дәрігерлер осылайша көрсетілетін медициналық қызметтерге жауапты. Өріне біздің елде телемедицина жүйесі соншалықты жоғары деңгейге жете қойған жоқ. Біздегі телемедицинаның басты жетістігі – үлкен медициналық орталықтардағы мамандардың шалғайда орналасқан аудандарға арнайы көмек көрсете алуы. Сонымен қатар телеоқыту, хирургиялық операциялар трансляциясы, мобильді телемедициналық кешендер жақсы дамыған.

Еліміздің басқа өңірлері секілді біздің аймақтың денсаулық сақтау саласында да телемедицина жолға қойылған. Облыстық көпбейінді аурухана базасында жасалатын телемедицина кабинеті бар. Ол облыс көлеміндегі қызметтерді ұйымдастырады.

– Біздің облыста телемедицина 2005 жылы қолға алынды. Алғашында айына 50-60 қызмет көрсетілетін. Қазір 100-ге дейін жетеді. 7 ауданда және Байқоңыр қаласында телемедицина орнатылған. Кейінгі жылдары қалалық аурухана, облыстық балалар ауруханасы және Қазалы аудандық ауруханасы телемедицинамен қамтылды. Науқастың жағдайына байланысты бірінші кезекте телемедицина арқылы консультация жүргізіледі. Сосын ғана қажеттілігіне қарай санавиация жіберіледі. Аудандардан көп шақыртылатын маман – нейрохирург. Өйткені оларда штат бойынша нейрохирург жоқ. Сонымен бірге кардиолог маманды жиі қажет етеді. Жол-көлік оқиғалары болған кезде ауыр жағдайдағы науқастарға

травматолог, реаниматолог, хирургтарды жиі жібереміз. Ал акушерлік жағдайда балалар ауруханасынан, перинаталды орталықтан акушер-гинекологтар, неонатологтар, балалар хирургі мен травматологтары қажет болып жатады, – дейді телемедицина координаторы Меңлі Базаров.

Быылғы сегіз айдың өзінде телемедицина арқылы 648 қызмет көрсетілген. Оның ішінде Астана қаласының ірі медицина орталықтары мамандары 30 консультация өткізіп, Алматымен 38 байланыс жасалса, облыстық денсаулық сақтау басқармасы мамандарының қатысуымен 41 телеконференция өткізілген. Меңлі Базарұлының айтуынша, телемедицинаның мүмкіндігі мол. Ол біріншіден, уақыт үнемдеуге, екіншіден, шұғыл әрі нақты медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Консультациялардан бөлек, жас мамандарға

жағдайын күтуге жұмсайтын уақытын оттайландыратын сөзсіз шешім болып көрінеді. Польша телемедицинасы астма, жүрек-қан тамырлары аурулары, қант диабеті, психикалық аурулар сияқты созылмалы кеселі бар науқастарды және инсульттан кейінгі адамдардың денсаулығын диагностикалауда, бақылауда пайдалы көрінеді.

Жалпы телемедицинаны қарапайым тілмен түсіндірсек, қашықтан дәрігерлік көмек көрсету дегенді білдіреді. Мамандар телемедицинаның жедел дамып келе жатқанын, қашықтан көмек көрсетудің пандемия кезінде кең қолданылғанын айтады. Қарт адамның денсаулығын қашықтан диагностикалауға және бақылауға мүмкіндік беретін, сонымен қатар коронавирустың немесе басқа да ауыр дерттің белгісі анықталған жағдайда сигнал беретін бағдарлама жасалған. Мәселен,



телеоқулар өткізуде де кеңінен қолданылуда. Телемедицина арқылы жылына 1000-1200 қызмет көрсетіледі.

Жолдауда айтылғандай, Мемлекет басшысы сала жұмысын жетілдіруде телемедицинаны дамыту қажеттігін де міндеттеді. Бұл уақыт талабы тындытып отырған мәселе екені анық. Өйткені әлемде медицина күн санап дамуда. Мәселен, Польшада дәрігерлер саны азайып келеді, бұл әсіресе мамандарға қатысты. Сонымен қатар халық қартаюда және медициналық көмекті қажет етеді. Демек, телемедицина денсаулық сақтауға жұмсалатын шығындарды және поляктардың физикалық

Қытайдың технология алыбы Alibaba коронавирус жағдайын 20 секундта анықтауға мүмкіндік беретін алгоритмді жариялағаны белгілі. Оның көрсеткіші 96% қатесіз болады екен. Бұл медициналық қызметкердің диагностика жүргізуімен салыстырғанда 45 есе тез. Сонымен қатар, Apple мен Google коронавирусқа қарсы күресте бос отырған жоқ. Мобильді қосымша Bluetooth сигналы арқылы коронавирус жұқтырғандардың жақын маңда екенін хабарлап отырады.

Қалай десек те, саланы жана технологиялармен қамтуда, заман үдерісімен үндесте телемедицинаны дамытудың пайдасы зор болмақ.



ЖҰМЫС БАРЫСЫН БАҒАМДАДЫ

АРАЛ

Аудан әкімі Серік Сермағамбетов бірқатар елді мекендерде болып, ондағы құрылыс жұмыстарының барысын бағамдады.

Ең алдымен Аманөткел ауылдық округінде орналасқан Хан елді мекені тұсындағы қалқымалы көпірді қайта жаңғырту жұмыстарын көрді. Жаңғырту жұмыстарын «Жылу-ХХІ» ЖШС жүргізуде. Мұнан соң, аудандық маңызы бар «Бөген-Ақлақ» бағытындағы жолдың жағдайымен танысты. Орташа жөндеу жұмыстарын жүргізіп жатқан мекеме – «СтройМодуль-Астана» компаниясы. Аудан әкімі мердігер мекемеге құрылысты сапалы әрі уақытылы аяқтау жөнінде тапсырма берді.

Қызылжар елді мекенінің кіреберіс автомобиль жолы да бюджет есебінен жаңғыртылады. Ұзындығы 15 шақырымнан асатын жолды «Аван құрылыс» мекемесі жөндеуден өткізбек.

ЕГІН ОРАҒЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРУДЕ

ҚАЗАЛЫ

Ауданда егін орағы қызу жүріп жатыр. Қамбаны қызылға толтырған шаруалар комбайндарын тізгіндеп, егістік басында таң атқаннан кеш батқанға дейін еңбек етуде.

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев «AMANAT» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Нұргиса Жалғасбаевпен бірге «РЗА – Агро» ЖШС-ның күршіткі алқаптарына барып, егін орағының барысын көрді. Ақжона ауылдық округіндегі «Қостам» учаскесінде серіктестік 606 гектар күріш еккен. Қазір күрішті орып, бастыру жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Биыл серіктестік 1922 гектар жерге күріш дақылын еккен.

ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНА САПАР

ҚАРМАҚШЫ

Халықаралық карттар күні қарсаңында қармақшылық еңбек ардагерлері Түркістан қаласына саяхаттауға жолға шықты.

Аудан әкімі Әділбек Ерсұлтанов оларға сәт сапар тіледі. Сондай-ақ, ауданның дамуына үлес қосқан ардагерлерге алғысын білдіріп, алдағы мерекемен құттықтады. Ардагерлерді тарихи орындарға апару және оларға құрмет көрсету шаралары алдағы уақытта да жалғасын таба бермек.

АҚЫНДАР МҮШӘЙРАСЫ

ЖАЛАҒАШ

Жалағашта Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай «Ұлттың ұлы ұстазы» аймақтық ақындар мүшәйрасы өтті.

Мүшәйраға Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігі Жалағаш аудандық филиалының төрағасы Дина Мирман, облыстық тілдерді оқыту орталығы Жалағаш ауданы бойынша мемлекеттік тіл маманы Назерке Есаманова, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, аудандық әйелдер кеңесінің төрағасы Роза Ералы қазылы етті. Іс-шараға белсене қатысып, жүлделі орындар алған жас ақындарға бағалы сыйлықтар мен диплом табысталды.

ДӘСТҮРЛІ ТУРНИР ЖАЛҒАСЫН ТАПТЫ

СЫРДАРΙΑ

Мемлекет және қоғам қайраткері Елеу Көшербаевты еске алуға арналған волейболдан XXIII халықаралық турнирдің салтанатты түрде ашылуы өтті.

Аудан әкімі Мұрат Ергешбаев қоғам қайраткерінің өмір жолына тоқталып, турнирге қатысушыларға сәттілік тіледі. Халықаралық дәрежеде спорттық іс-шараға еліміздің барлық облыстарынан, қалаларынан және Шешенстанның Грозный қаласынан 22 команда қатысып, бақ сынауда. Төрт күнге жоспарланған жарыс Тереңөзек кентіндегі денешынықтыру-сауықтыру кешенінде өтуде. Әзірге Сырдария ауданының құрамасы Грозный құрамасын 2:0 есебімен жеңіп, жарыс жолын сәтті бастады.

КЕНЕГЕ ҚАРСЫ УЛАУ БАСТАЛДЫ

ШИЕЛІ

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы ауруына қолайсыз деп танылған аумақтарды кенеге қарсы улау жұмыстары басталды.

Елді мекендер бекітілген кестеге сәйкес залалсыздандырылып жатыр. Аудан әкімінің орынбасары Е.Апетов дезинсекциялық жұмыстарды жүргізетін «Батыс дезинфекция» ЖШС-нің мамандарына залалсыздандыру кезінде ерітіндіні бақылауда ұстауды және улау жұмыстарын барынша сапалы жүргізуді тапсырды.

Айта кетейік, дезинсекциялық жұмыс нәтижелі болу үшін қоражай, суат, шаңдақтар, мал жиналатын жерлер ескі қи-қоңнен тазартылу керек.

ЖӘРМЕҢКЕ ӨТЕДІ

ЖАҢАҚОРҒАН

Бүгін Қызылорда қаласындағы Астана даңғылының бойында Жаңақорған ауданы мен «Байқоңыр ӘКК» АҚ-ның ұйымдастыруымен ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өтеді.

Жаңақорғандық дикандар 25 жүк көлігіне тиелген 100 тоннадан астам ауыл шаруашылығы өнімдерін ұсынады. Атап айтқанда, 25 тоннадан астам күріш, 25 тоннадай картоп, 5 тонна сәбіз, 10 тонна пияз, 15 тонна қауын-қарбыз, 15 тонна асқабақ, 5 тонна көкөніс жеткізілмек.

Дайындаған: Шынар БЕКБАН, «Сыр бойы»

“SYR BOIY” GAZETINIŇ ARNAIY BETI

ALTYN tin

Көз жоғалса жетектерміз, сөз жоғалса не етерміз?

Қазіргі ақпараттық-технологиялар заманында БАҚ-тың рөлі ерекше. Бұқаралық ақпарат құралдарының негізгі міндеті халыққа ақпарат тарату болса, оның еле-не бермейтін ерекше маңызды тағы бір міндеті бар. Ол – тіліміздің қолданыс аясын кеңейту мен тіл мәдениетінің сақталуын қамтамасыз ете отырып, қоғамдық санаға әсер ету.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Міне, осы міндетке келгенде БАҚ-тың бағы жанып тұр дей алмаймыз.

Бүгінгі күні облыстың медиа кеңістігінде жүзге жуық бұқаралық ақпарат құралы жұмыс жасайды. Нақтырақ айтсақ, электронды ақпарат құралдары, ақпараттық агенттіктермен қатар, 25 журнал, 58 газет жарық көреді.

«Күн сәулесі түспейтін көңіл түкпіріне сөз сәулесі түседі» дейді дана халқымыз. Осы қағидаттың газет-журналдардағы көрінісі қандай деген сұрақ қойып көрейік. Журналистік жанрлардың ең басты құралы сөз екені естен шығып кеткен. Кейбір мақалаларды сүйсініп оқи алмайтынымыз рас.

Осыдан екі жылдай уақыт бұрын марқұм, ардагер журналист Ахат Жанаев «Мен газеттерден жүйесі бұзылмаған бір сөз оқысам, сол автордың бетінен сүйіп алғым келеді» деген еді. Осы пікірдің өзі-ақ біздің әріптестеріміздің сөз қолдануға деген салақтығын әшкерелеп тұр.

Қазіргі телеарна мен баспасөз бетінде «құлағына алтын сырға» деген мәтел мода болып кетті. Тіпті, соңғы кездері «әкімдердің құлағына алтын сырға» деген сыңары қалыптасты. Мұның дұрысы – «жеңгеннің құлағына алтын сырға, ағам айтатын бұйымтайым бар» деген тұрақты тіркес. Мағынасы – «ағам айтатынымды жеңем естімесін» деп тұр. Ал, біз оны керісінше «есті, құлағыңды тос» деп қолданамыз.

Сонымен бірге, ақпараттық құралдарда «бару керекпіз», «алу керексіз», «жасау керексіз» деген сөздер ауа жайылып жүр. Дұрысы – «баруымыз керек», «жасауыңыз керек», «алуыңыз керек». Қазақ тілінде мұның «қимыл иесі ілік септігінде тұрады», «қимыл-есім тәуелденіп, белгілі бір жаққа тән болады» деген ережелері бар. Бірақ, мамандар болмаса әрбір адамның бұл ережені білуі міндетті емес. Әр қазақ осы ережені білмей-ақ, дұрыс сөйлеуге дағдыланған. Ал, мыжып сөйлеп, бұзып жазатын бүгінгі жастар қайдан шыға келді?

Мұның басты себебінің бірі – кейінгі буынның кітап оқымауы, он сөзінің тоғызы қате жазылатын әлеуметтік желілерге тәуелділік.

Көптеген газет хабарлар құзырлы орындардан қай мәтінде келсе, сол мәтінде жариялайды. Түзуеге батылы жетпейді, өйткені өз ісінің маманы емес. Тіл тазалығы үшін күреспейді. Басқаны былай қойғанда лауазымды кісілердің аты-жөні мен тегін өздері қалай жіберсе, солай жазады. Абдуқаликов, Бакиров деген текті өзгертпейді. «Олар бізге төлқұжатым солай, өзгерпе деп айтты» дейді. Газет төлқұжаттағы қатерге байлаулы мекеме емес, тіл заңдылығын сақтайтын мекеме» деген уақ жайт қайтармайды.

Осы ретте, әсіресе тіл тазалығы мәселесінде облыстық «Сыр бойы» газетінің аймақта ғана емес, республикалық деңгейде алдыңғы қатарда тұратын-дығын айтқым келеді.

Осыдан біраз уақыт бұрын мен өзім бір басылымның «Әкең өлсе өлсін, әкенің көзін көрген өлмесін» деген тұрақты тіркесті бұзғанын сыңға алып, редакцияға хат жазған едім. Жауап алған жоқпыз.

Шын мәнінде бұл мәтел «Әкең өлсе де, әкенің көзін көрген өлмесін» деп айтылады. Қазақ бұл жерде бір ғана «де» деген демеулік шылау арқылы «әкең өлсе де» деп жұмсартып сөйлеп, жұбату айтып тұр. Әріптестеріміздің мұны білмеуі – ұят.

Егер көшеде жол жүру ережесін бұзсаңыз, айыппұл арқалайсыз не қылмыстық іс қозғалып, қамалап қалуыңыз да мүмкін. Ал, тіл ережесін бұзған адамға ешкім ештеңе демейді. Жол ережесін бұзу бір-екі адамға зиян келтірумен шектеледі. Тіл ережесін бұзу аталардың аманатына қиянат жасап, ұлт тілінің келешекке кемтар күйде жетуіне жол ашады.

Бұл айтылғандарға көшелердегі орысша, ағылшынша, қытайша жазылған және қаптауына қазақша түсінік берілмеген жарнамалық-ақпа-



Коллажы жасаған Мадиярхан Қысқашұлы

раттық көрнекіліктерді қосыңыз.

Жақында ғана тілдер комиссиясы, университет оқытушылары және БАҚ өкілдері бірігіп, қаладағы әлеуметтік-көпшілік нысандарды араладық. Нысандардың маңдайшасындағы жарнамалық көрнекіліктердің біржақты жазылғанын көрдік. Оларға «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңның жаңа баптарын түсіндірмек болдық. Алайда, өзге ұлт өкілдері бізбен санасқысы келмейтіндіктерін көрсетіп, дәрекілік танытты. Бұл енді басқа тақырып.

Ақпарат құралдарында тіл қолданысы дегенде менің есіме жиі түсетін сөздің бірі – жанұя сөзі.

Бұл сөз қазақтың әдеби-лексикалық қорында кейінгі жылдары пайда болды. Қазақтың ертегілері мен бағырлар жырында мұндай атау жоқ, оларда «от басы, ошақ қасы» деген сөз бар. Сондықтан, термин жасамшы ғалымдар бұл сөзді қабылдамады. Соған қарамастан баспасөз бұл сөзді жиі қолданады. «Пайыз» сөзінің өзі күмәнді, кең қолданысқа еніп кеткеннен сәтсіз аударма деп айтуға болады. Кейбір ғалымдар «пай-ыз», «ыз» қосымшасы – «жүз» сөзінің құбылысқа түскен түрі, яғни, «жүздің пайы», «жүздің үлесі» дегенді білдіреді

деп дәлелдейді. Дегенмен, бізге халықаралық экономикалық термин жақын. Алайда, аударудың жөні осы деп бір кезде «балқонды» «қылтима» дегеніміз күлкіге қалдырып еді. «Сол тентекке жанымның қоны келген, еркелігін мен болсам кешірер ме ем. Шіркін, оның түсінігі біржақты ғой, бұрышы жоқ үйлерде өсіп-өнген» деген Ұлықбек Есдәулеттің өлеңі еске түседі. Балқоны жоқ үйлерде өскен біз үшін сол балқон сөзін аударудың аса қажеті де жоқ болатын.

Рас, кірме сөздердің бәрін сол қалпында алу тілдік заңдылығымызға сәйкес келмейді. Дегенмен, халықаралық қолданыстағы сөздерді сол күйі қалдыру маңызды. Мысалы, президент, медицина, театр, кино, жанр, журналист сөздерін аудару тіл қорымызды байыта ма? Әрине, ең біріншіден өзі тіліміздің мәнін жоғалтпай сөйлегеніміз маңызды.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген екен.

Біздің айтпақ ойымыздың түйіні осы сөзде тұр.

ӨНЕРДІҢ ӨЗ ӨКІЛІ

Бекзат өнердің бапкері

Қаладағы түрлі мәдени іс-шараларда бірдей кінген, әсем билейтін бір топ қызды жиі көреміз. Қасында биші Әсел Бекзатханқызы жүретін. Кішкентай балалармен жұмыс істеп, оларды үлкен сахнаға шығару оңай шаруа емес. Бүлдіршіндерді би өнеріне баулып жүрген Әселмен жақын танысу үшін М.Қалауов атындағы Қызылорда қалалық «Өнер» мектебіне арнайы бардық.

Гүлбану МАҚАЖАН,
«Сыр бойы»

Мектепке жақындағаннан күмбірлеген күйдің, фортепианонның дауысы естілді. «Балалар, қәне бәріміз бірге, қайталаймыз, оңға, солға, бір, екі, үш!» деген Әселдің даусы шыққан залға қарай бет алдым. Кейіпкеріміз шәкірттерін келесі сайысқа дайындап жатыр екен. Дәрісті бөлмей күтіп, балалардың ырғағымен біз де би әлеміне еніп кеттік.

Мың бұралған биші, педагог-зерттеуші Әсел бекзат өнердің қайталанбас ғажайып әлемінде өмір сүріп, оны жанына серік етіп келеді. Аталған білім ошағының хореография бөлімінің жанынан құрылған «Бал-бұлақ» халықтық (үлгі) балалар би ансамблінің көркемдік жетекшісі. Бала күнінен би өнерін сүйген балауса қыз, бойжеткен соң Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Хореография» мамандығында білім алды. Еңбек жолын М.Қалауов атындағы Қызылорда қалалық «Өнер» мектебінде хореография бөлімінің мұғалімі қызметінен бастады. Талантты жас шығармашылығын шыңдап, біршама жетістіктерге жетті.

Өнер – өнегелі, ақылды адамдарды тәрбиелейтін құрал. Соның бірі – би өнері. Балалардың оны түсініп қабылдауына ерекше көңіл бөлетін талғампаз тәрбиешінің еңбегі шәкірттерінің жетістігінен көрінеді. Әселдің тәрбиелеген оқушылары бүгінде түрлі халықаралық, республикалық деңгейдегі шығармашылық байқаулардың жеңімпазы атанып, алдыңғы қатардан көрініп келеді.

Атап айтар болсақ, «Бозторғай» облыстық балалар шығармашылығы байқауынан бес жыл қатарынан бас жүлде, II республикалық «Алатау шыны» жастар мен балалар шығармашылық конкурсынан, «Би нұры» фестивалінен, халықаралық «Бейбітшілік әлемі», «Жеті өнер», «Таланты Қазақстан», «Music Drive», «Всезвезды мира. Галактика талантов», «К звездам» және «Жұлдыз Арт Қазақстан» конкурс-фестивальдерінен бас жүлдені иеленді.

International Festival «Golden Time Hollywood»

және «Звезды выходят на сцену» конкурстарынан I-орын иеленсе, республикалық телевизиялық «Айгөлек» балалар шығармашылық байқауы мен «Bugarbay Summer Fest» халықаралық жасөспірім таланттар фестивалінде ерекше көзге түсіп, аймақтық «Все краски танца» би байқауында I орын тұғырынан көрінді.

Әсел Бекзатханқызы – ізденімпаз, еңбекқор педагог. Жаңашылдыққа жаңы құмар ол әркез білімін жетілдіріп тұрады. Би педагогикасы туралы мақалалары республикалық «Хабаршы» ғылыми-әдістемелік және «Алаш ұстазы» республикалық ғылыми-педагогикалық журналдарына жарияланып, оқырманның оң бағасын алды. Би саласындағы жаңашылдықтар туралы мақалалары басылым беттерінде жарық көріп жүр. Білікті маман облыста өткен би сайыстарына қазылық етіп, түрлі телевизиялық және қоғамдық жобаларға қатысады. Қорқыт ата атында Қызылорда университетінің «Дәстүрлі музыка өнері және хореография» кафедрасының оқытушысы болып қызмет атқарған. Қазақстанның Хореографтар одағының мүшесі.

Әсел әр жылдары жемісті еңбегі үшін облыс, қала әкімдерінің, облыстық мәдениет және құжаттама басқармасының, білім басқармасының Алғыс хатымен марапатталған. Он жылға жуық еңбек еткен қалалық өнер мектебі директорының Құрмет грамотасын иеленген. Шығармашыл ұстаз биылдың өзінде халықаралық бес байқауда, республикалық бір байқауда шәкірттерімен бақ сынады. «Қазақ би өнерінің дамуына өз үлесімді қосып келемін. Менің тынымсыз ізденіс жолым, көп жылдар бойғы жинаған тәжірибем – би өнеріне деген шексіз махаббатымның айқын көрінісі. Би – менің өмірім» дейді Әсел.

Әсем ән, ырғақты қимылдарға толы би әлемінен Әселді шығарып алу мүмкін емес. Бізбен әңгімелескен аз-кем уақытта қайтадан би залына, балаларға асығып тұрды.



Киізден киім тіккен кәсіпкер

Қазір киіз текеметтердің орнын түрік пен Иранның кілемдері басты. Бұрынғыдай қазақша оюы бар текеметті тек музейден көретіндей жағдайға жеттік. Жүнінен жасалатын табиғи өнімнің денсаулыққа пайдасынан бөлек, ұлттық болмысымызды айшықтап тұратынын да естен шығардық. Бірақ киіздің заманауи түрінен түрлі бұйымдар жасауды кәсіп көзіне айналырғандар бар. Ол – Бакжан Шайхыслам есімді жас кәсіпкер.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

Қолөнер шебері жақсы көретін ісінен табыс табамын деп мүлде ойламаған. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Кәсіптік оқыту» мамандығында оқып жүріп, бұл салаға қызығушылығы оянады. Студент кезінде шеберлік сағаттарына жиі қатысып, көрмелерге туындыларын шығарады. Алматы, Шымкент қалаларында өткен жарыстарда жүлделі орындарға ие болыпты. Оқу ордасын бітірген соң, өз са-

ласы бойынша білімін жетілдіріп, түрлі курстарға барады. «Киіз басып, одан түрлі бұйымдарды жасап, осы саланы дамытуға бел шештім» деген Бакжанның мықтылығына сүйсіндік. Өнерлі жас «Киізден заманауи бұйымдарды шығару» жоба-

сы үшін жуырда мемлекеттен берілетін қайтарымсыз гранттың жеңімпазы атанды.

– Бұл кәсіпті сіндім. Гүлден екеуіміз бастағалы отырмыз. Жамбыл облысынан меринос

қой жүні мен оған қосатын бояуын алдырамыз. Жүнің табиғи түсі ақ болады. Қайнатып, түрлі түсті бояулар қосып киіз басамыз. Ол ұзақ уақытты, қажырлы еңбекті талап етеді. Дайын болған өнімнен үйге киетін аяқ киім, жейде, белдік, қалпақ шығарамыз. Осыдан 3-4 жыл бұрын көпшілік киізден жасалған

бұйымдардың денсаулыққа пайдалы екенін білмейтін. Ал қазір жібек жүнінің түрлі қасиеті барынан хабардар. Мәселен, меринос қой жүні өте жұмсақ, денеге ыңғайлы. Аяқты суықтан қорғайды, терлетпей, бірқалыпты температураны ұстайды. Сондай-ақ, иммунитет көтеруге де көмекші құрал. Үлкен адамдарда жиі кездесетін қан қысымы ауруына, ұйқыны қалыпқа келтіруге әсері мол. Киізден жасалған бұйымдарды мерзімдік, яғни тек қыста пайдаланады деген қате түсінік те бар. Жазда киетін жұқа маталардан тігілетін көйлектер мен жейделерге киізден әдемі ою жасап, жапсырса одан әрі сәнді болады. Алдағы уақытта киізді мата түрінде шығарып, жеке өлшеммен тігуді де жоспарлап отырмыз, – дейді шебер.

Өзгелерден ерек кәсіп түрін тапқан Бакжан жеке шеберхана ашуды да мақсат етуде. Сіңдісінен бөлек

қасына көмекші мамандарды жұмысқа алып, оларға өз білгенін үйретуден жалықпақ емес. Инновациялық жобаның авторы бұйымдарды тапсырыс берушілердің талғамына сай етіп жасайды. Бағасы да қолжетімді. Үлкен адамдардың аяқ киімдері мен байпақтар 4000 теңгенің шамасында болса, балаларға арналғаны 3000 теңге. Қазақстан бойынша қалалардан түскен тапсырысты жеткізу қызметі де қарастырылған.

Жас кәсіпкер бұған дейін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде оқытушы болып жұмыс істеген. Қазір тұрмыс құрып, дүниеге бала әкелген соң, үйде қарап отырмай қолынан келетін істі кәсіпке ұластыруда. Ата-бабадан келе жатқан қолөнер бұйымдарын насихаттауда апалы-сіңлілі қолөнершілердің еңбегі зор. Жас кәсіпкерлердің таудай талабына нұр жаусын дейміз!



ҚАЙРАН, БІЗДІҢ АНАЛАР!

ТЫНЫМБАЙ БИ МЕН ТҮЙМЕКҮЛ ХИКАЯСЫ

Дін әлемінде Иса пайғамбардың анасы Мәрия, Мұхаммед ғалейки саламның анасы Фатима, бұқаралық Нұрипа, Керейттің ру анасы Рабиға – төрт әйелдің есімі әйгілі, киелі. Жарық дүние жалғанып жабирнақ кешкен Рабиға анамыз туралы мына бір әңсаның рас екеніне көңіл сенеді.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Бірде Рабиға сапарлап жүріп, шөл далада жалғыз құдыкка кезігеді. Бұл жер отырықшысының әлдеқашан көшіп кеткені көрініп тұр. Жұртта қалған жалғыз ит құдықты айналып жүр екен. Салақтаған тілі аузына сыймай шөлден қаталап өлуге айналған ит адамды көргенде одан мейірім күтіп, көзінен үміт жасы мөлт етіп, жата кетеді. Терең құдықтың түбінде жылтыраған суы бар екен. Қолында құралы жоқ Рабиға мәсісін қауға қып, орамалын жыртып жалғап арқан ғып құдықтан су тартып шығарады. Енді оны итке құйып беретін ыдыс жоқ, ит тұмсығы симайтын мәсідегі суды қалай ішсін. Рабиға дереу аяқтарын қайшылап, суды екі аяғының қосылысындағы ойыққа құйып итке ішкізеді. Мақұлыққа осынша мейірім-шапағат төгіп, Алла ризашылығына бөленген Рабиға анамыз сонан былай әлемдік әулиелер қатарына енген. «Рабиға біздің айнамыз, оған қарап бой түзейміз» дейді екен машайық-пірлер де. Ұлы Раббим осы әйелдің көркем мінез, үлгілі іс қылғанына сай оның ұрпақтарына да батырлық, байлық, шешендік үлесін амаған.

Сол ұрпақтың бір буыны – 1842 жылдары өмірге келген Бейдібайдың Тынымбайы, атақты Тынымбай би. Бала күнінен көкірек көзі ашық, зейін құлағы түрік Тынымбай елдің салт-дәстүрін, әсіресе тіл құнарлылығын санаға түйіп өскен. Қарапайым, қоңылтақ тіршілік иесі болған оның әкесіне жақсының баласы деп Әлім руы қыз берген. Кіші жүз Әділдер – Тынымбайдың нағашысы. Ел аузында Тынымбайдың жасынан-ақ уәжге тапқыр, зерделі болғанын бейнелейтін көптеген әңгімелер сақталған. Соның бірі – мынау.

Ұзақ сапармен жолашылап келе жатқан Керейттердің бір керуені Қаратаудың табанында аялдамақ болып түйелерін шөгере бергенде шешіліп кеткен шойын қазан тасқа тиіп қақ бөлініп қалады. Ошағын ұстап қалған он бес шақты кісінің ішінде бала Тынымбай да келе жатады. Енді қайтпекпіз деп тұрғанда жақын маңда ауыл бар екені белгілі болады. Бұл ауыл Орта жүзде сөз жүйрігі атанған Досбол датқаның ауылы екен. Көлденең көк аттыға қазанын кім бере қойсын. Тығырықтан қалай шығу керек? Оның жолы сөз сыйлап, уәжге тоқтайтын Досболмен тілдесу ғана. «Қазан сұрауға мен барайын» дейді бала Тынымбай. Үлкендер осыған келісім береді. Бала ауылға кірісімен сұрастырып бірден датқаның үйіне түседі. Есіктен еңкейіп сәлем бере:

– Уа, тақсыр, біз бір жүрген жолашушы, Намазымыз бар да, азамымыз жоқ, Ошағымыз бар да, қазанымыз жоқ. Түркістан алдымызда, Ақмешіт артымызда, Ала қоятын базарымыз жоқ, – дейді тақтаптан. Датқаның осы айтылғанды да құп көруіне болар еді. Бірақ ол сөзі келісті баланы онан әрі сөйлетпек болып:

– Уа, жолашушы, Жол үстінен кім өтіп, кім келген жоқ, Мына бізде де қазаннан басқа ермек жоқ. Жарықаушы жалғыз құдай деген бар, Сұрағанды құлайдан басқаға бермек жоқ, – деп жауап қатады. Сонда бала:

– Сұрағанды береді бар болса егер,



Сұрағанға бермейді тар болса егер. Ел ішінде қазансыз кім қалады, Жалғыз құдай жарылқап, жар болса егер, – дейді.

– Бәрекелді, балам. Көзіңнің шырағынан бір елдің билігіне жарайтын нұр төгіліп тұр екен, – деп сонда датқа кара қазанына қосып ақ батасын да беріпті. Осы әңгімені кей жерде Төле би атамызға қатысты айтып жүр. Ол дұрыс емес. Себебі Төле би атамыз Досболдың алдына бала болып бара алмайды. Досбол датқа 1790 жылдары, ал Төле атамыз 1663 жылы өмірге келген. Екеуінің арасында 127 жыл айырма бар. Ал, Досболдың Тынымбай-дан 52 жас үлкен екенін оңай есептей аласыз. Ендеше, біз айтып отырған сөз – тікелей Тынымбай биге қатысты тарихи дерек.

Шіркін, қазақ елі өзінің кең даласын зерделі жүріп қойын-қолтық араласқан ғой. Елдің белгілі кісісі қайтыс болса, «ойбауырым-дап» Аркадан Сырға келуге жер шалғайлығы бөгет болмаған. Күн сайын араласып жатқан кең даланың егелері Жайықтан Жетісуға, Қаратаудан Көкшетауға мал айдап, көш тартып жүре берген. Сондықтан да қазақ тілі ұлы даланың ана шеті мен мына шетіне бұзылмай жетіп, бар қазақ бір ауылдың адамындай сөйлескен. Бізбен салыстырғанда көрші өзбектердің бір шаһары екінші шаһарын түсіне алмай жүретіні қызық. Міне, сол киелі тіліміздің өз қасиетін сақтап қалуына, оның бар қазаққа бірдей түсінікті болуына осы Тынымбай секілді би, шешендеріміздің орасан зор еңбек сіңіргені ақиқат.

Бала Тынымбай сөз құнарын, ой шұрайын бойына сіңіре білген қасиетімен үлкендердің ықыласына бөленіп, сол үлкендер бірде оны Аркада шешілмей жатқан алты дауға «көрсін, білсін» деп бірге ерте жүріпті. Осы сапарда Сырдан барған игі жақсылар Арқаның атакты байы, болыс Күшікбайдың үйіне түсіпті. Алыстан келген ел ағаларының сөзі уәлі болып, бес даудың басы ашылыпты. Алтыншы дау да алдыңғылары сияқты кісі өліміне байланысып, бірақ оқиғасының өзі кімді жақтыранды білмейтін құл-кі шақырардай бір істен өрбіген.

Көрші ауылдың бір аттылы егде кісісі осы ауылға келеді. Ауыл шетінде ойнап жүрген қарасирақ балаларға қайырылып жөн сұрайды. Жөн айтатын баланың бәрі Тынымбай емес, жүгермектер жөн айту былай тұрсын, әлгі кісінің атын үркітіп, кесекпен шөкелеп қуады. Сол кезде әлгі кісінің бауы байланбаған

басындағы далбайы ұшып түсіп, үркек ат онан сайын мөңкіп, серпіген тұяғы үстінен құлап бара жатқан егесінің қақ шекесінен тиіп қайтыс боп кетеді. Өлген адамның өтеуіне жақындары көп дүние сұрап, бұған бұл ауыл көнбей, екі жақ шоқпар алып атқа мінуге дейін

ауданының Еңбек ауылы мен Аққұм ауылының аралығындағы жер. Осы елде Жарасбай деген барымташы кісі болыпты. Бір жылдары Жарасбай Жезқазған жатқан біраз жылқы айдап келсе керек. Артынан іздеушілер де қуып жетеді. Олар ел жақсысы Тыным-

бай биге келіп жүгінеді. Би әділдігін айтып, қолды болған малды егелерінің алдына салып береді. «Оу, биеке...» деген Жарасбайға теріс қарап, сөйлеспей қояды. Осы оқиғадан соң көп жыл өтіп, Тынымбайдың қартайған шағында Жарасбай Жыңғылдыкөлге кермеше салып, тау-тау балық алып жатыр екен деген хабар ел аралап кетеді. Женсік асқа құмар жұрт: «Би аға, Жарасбайдан кеусен сұрайтын кім бар?», – дейді сонда. «Өзім бармасам, ол біреуге балық түгілі бақа бере қоймас, жазыландар екі түйені» деп Тынекең өзі жиналады. Бір түйені мініп, бір түйені жетекке алған қарт Тынымбайды көрген Жарас-

бай:

– Тынымбай десе рас, Тынымбайсың, Қызыл тілге келгенде жығылмайсың. Өзіңе жазатайым іс түскенде, Жактырмай теріс қарай қырындайсың, – депті баяғы бір жағдайды меңзеп.

Сонда Тынымбай:

– Жарасбайсың дегенде Жарасбайсың, Үлкеннің тілін алсаң адаспайсың.

Біз де бір ауыл бар, Жыңғылдыңың, Балығын жең, суымен табақ шайсың. Ұрлап жеген құт болмас елдің малын, Ұстап жеген жұттанбас көлдің малын. Тірлігіңе риза боп келіп тұрмын, Көтерісіп кетуге мен бір жағын,

– дейді.

Сонда Жарасбай:

– Беу, жарықтық биекем, садаған кетейін. Ау, жігіттер шөгеріңдер Тынекеңнің түйелерін, артыңдар сыйғанынша, – деп қарт бидің қарымта жауабына қайран қалғанын жасыра алмай бөйек болады.

Міне, қазақ атамда сөзге тоқтау деген асыл қасиет болған. Сол қасиет бойына сыналай біткен алтынның сынықтары Тынымбай мен Жарасбайдың ұрпақтары қазір де табылады.

Тынекең бір сапарда Керейттің биі көп құрмет көріп, Арқа төсінде апталап жатып қалса керек. Жегені бағланның еті, ішкені түнемел қымыз. Қысырлықтың қымызына саумал аластырған бұл сусынның қуаты ер адамды жай таптырмайтын. Әлі ер жасына еңбеген Тынекең осы кездерде ойнап-күлуден де қағажу қалмаған. Кейде тіпті биге тігілген отауға «жақсыдан тұқым қалсын» деп қыз-келіншектің өздері келіп кіретін болған. Осыны байқап білген сол елдің белді бір кісісі Тынекеңді тым болмағанда сөзбен мұқатпақ болып:

– Биеке, сіз мұнда алаңсыз аунап жатырсыз. Бай биге келіп жүгінеді. Би әділдігін айтып, қолды болған малды егелерінің алдына салып береді. «Оу, биеке...» деген Жарасбайға теріс қарап, сөйлеспей қояды. Осы оқиғадан соң көп жыл өтіп, Тынымбайдың қартайған шағында Жарасбай Жыңғылдыкөлге кермеше салып, тау-тау балық алып жатыр екен деген хабар ел аралап кетеді. Женсік асқа құмар жұрт: «Би аға, Жарасбайдан кеусен сұрайтын кім бар?», – дейді сонда. «Өзім бармасам, ол біреуге балық түгілі бақа бере қоймас, жазыландар екі түйені» деп Тынекең өзі жиналады. Бір түйені мініп, бір түйені жетекке алған қарт Тынымбайды көрген Жарас-

бай:

– Тынымбай десе рас, Тынымбайсың, Қызыл тілге келгенде жығылмайсың. Өзіңе жазатайым іс түскенде, Жактырмай теріс қарай қырындайсың, – депті баяғы бір жағдайды меңзеп.

Сонда Тынымбай:

– Жарасбайсың дегенде Жарасбайсың, Үлкеннің тілін алсаң адаспайсың.

Біз де бір ауыл бар, Жыңғылдыңың, Балығын жең, суымен табақ шайсың. Ұрлап жеген құт болмас елдің малын, Ұстап жеген жұттанбас көлдің малын. Тірлігіңе риза боп келіп тұрмын, Көтерісіп кетуге мен бір жағын,

– дейді.

Сонда Жарасбай:

– Беу, жарықтық биекем, садаған кетейін. Ау, жігіттер шөгеріңдер Тынекеңнің түйелерін, артыңдар сыйғанынша, – деп қарт бидің қарымта жауабына қайран қалғанын жасыра алмай бөйек болады.

Міне, қазақ атамда сөзге тоқтау деген асыл қасиет болған. Сол қасиет бойына сыналай біткен алтынның сынықтары Тынымбай мен Жарасбайдың ұрпақтары қазір де табылады.

Тынекең бір сапарда Керейттің биі көп құрмет көріп, Арқа төсінде апталап жатып қалса керек. Жегені бағланның еті, ішкені түнемел қымыз. Қысырлықтың қымызына саумал аластырған бұл сусынның қуаты ер адамды жай таптырмайтын. Әлі ер жасына еңбеген Тынекең осы кездерде ойнап-күлуден де қағажу қалмаған. Кейде тіпті биге тігілген отауға «жақсыдан тұқым қалсын» деп қыз-келіншектің өздері келіп кіретін болған. Осыны байқап білген сол елдің белді бір кісісі Тынекеңді тым болмағанда сөзбен мұқатпақ болып:

– Биеке, сіз мұнда алаңсыз аунап жатырсыз.

Сыр бойындағы жеңеміз аяқ асты өзіңіз жоқта жүкті бола қалса, ол кімнің баласы болар екен? – депті.

Тынымбайдың сөзден тосылған жері бар ма:

– Біз жоқта жеңгеніз жүкті бола қалса, ол да бір Керейттің баласы болар. Ал енді мына сіздің ауылдың қыз-келіншектері жүкті болса, ол кімнің баласы болады? – деп қарсы сұрақ беріпті. Оған қарымта сөз таппай намыстанған әлгі адам еліне қайтпақ болып жиналған бидің алдына шабарман түсіріп, оның жолындағы барлық ауылға «Тынымбай түскен үй мал соймай, кара сумен аттандырсын» деп хабар салғызыпты. Керейт биінің шешендігіне тәтті болған әлгі шабарманның өзі бір-екі ауылға хабар берген соң Тынымбайдың алдынан шығып, мән-жайды ашып, құпия тапсырманы жеткізіп қояды. Бұл оның қара қылды қақ жарғандай әділетті Тынымбайды құрметтегені еді.

– Енді сізді Сырға-ғанша жолдағы елдің ешқайсысы атыңызға лайық күтіп алмасы кәміл. Себебі олар менсіз-ақ құлақтанып білесің. Сіз осы бағытпен екі көштік жол жүрген соң екі ауылға кездесерсіз. Соның оң жағындағысының төріндегі ақбоз үйге түсіңіз. Сол үйдің бойжеткен қызы – бала күнінде әкесі өліп, шешесіне еріп келген Сыр бойының қызы, – деп тағы бір сырдың ұшын тарқатып кетеді.

Айтса айтқандай жолдан екі ауыл шығып, би бастаған жетекте ылауы бар төрт атты жолашушы шабарман сілтеген үйге түседі.

Шынында «Тынымбайды күтпесің» деген хабар бұл жерге де жетсе керек. Үй иелері сүлесок қарсы алып, шай ауыз тие бергенде:

– Уа, жол болсын, қайдан келе жатырсыздар, қайда бегі алған батырсыздар? – дейді отағасы ыңыранып.

– Біз Сырдың Керейті боламыз. Ертеректе, осыдан он бес жылдан әрі уақытта сіздің ауылдың бір қызы біздің ауылдың бір қызын ертіп кетіп еді. Сол қарындасымды сағынып бір көрсем деп іздегеніме біраз болды. Шамасы осы шай құйып отырған қызбен қатар болар, – деп он алты-он жеті жас шамасындағы қызға қарап іштарта сөйлейді.

Елін айтқасын қыз да елең ете қалады.

– Ал, қарындасыңыздың аты кім еді? – дейді әлгі кісі осы рас айтып отыр ма дегендей. Тынымбайға қиыны осы тұс еді.

Би басын көтеріп, әйтеуір бір уәж айтуға бекінгенде қыз қамзолының түймесін ұстап отыр екен. Сонда Тынекең:

– Ұмытпасам Түймекул шығар, Түймеш деуші едік, – депті.

Мұны естіген маңғаз үй иесі:

– Оу, құда екенсіздер ғой, шынымен, – деп орнынан ұшып тұрпыты.

Содан мал сойылып, сыбаға келеді. Салқын үйге төсек салынады. Би қанша аялдаса, сонша уақыт уағызға, әдепке толы шешендікпен жұртты ұйытып, әлгі бір әңгімеге қайта соғуға мұрсат қалдырмайды. Былай шыққан соң серіктері:

– Биеке, сарқылмас әңгіме-сөзіңіз жан сақтады. Оларға сөз кезегі тиіп, сұрай бастаса өтірігіміз шығып қалар еді, – дейді.

– Біздің таң атқанша айтқан әңгімеміз, қыздың түймесін бір ұстаған әңгімесіне жеткен жоқ, – депті сонда Тынымбай.

Біраз уақыт ат үстінде үндемей қалған оның ойын жанындағылар бұзбапты. Өлден уақытта «бар асылымыз қызда екен ғой» деп атын тебініп озыңқырап жүріпті. Тынекең сонда не ойлады екен? Бәлкім қасиетті Рабиға анадан бері қарайғы қазақтың асыл әйелдерін, арын қорғап жанын қиған Сұлуды, мына Түймекулге дейінгі текті қыздарды ой көзінен өткізген шығар.

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Түркиядағы өкілдігіндегі арнайы өкіл Ержан Уәйістің Халықаралық Халифа Алтай қоғамдық қорының төрағасы Әбдірейім Алтаймен кездесуінде қазақтардың Түркияға келгеніне 70 жыл толуына орай тарихтан сыр шертілді. Ә.Алтай арнайы іс-шараға қатысуға барған.

Ғұламадан жеткен ғибрат



Қазақстанның Шығыс Алтай өңірлеріндегі үлкен көштің арасында болып, көзімен көрген, кейін сол топпен бірге Түркияға өткен Халифа Алтайдың қазақтар үшін еңбегі зор. Алтайдан басталған үлкен көштің басындағы Оспан батыр, Елісхан батыр, Зәйіп тәжі одан кейін Сұлтан Шәріп, Қалибек, Нұрғожай батыр, Хұсайын тәжі, Хамза Ұшар, Тоқтабай Топлы, Дәлелхан қажы, т.б. ел ағаларының келеді ісін жалғастыруға қажыр-қайратын жұмсады.

1933 жылы Алтай мен Тарбағатай аймақтарында Гоминдан билігінің ланкестік әрекетіне ұшыраған Халифа ауылы Құмыл аймағының Барқол ауданына қоныс аударды. 1940 жылы босқын қазақтармен бірге ауыр да азапты жол арқылы Тибет асып, Үндістанға келеді. Кейін мұсылмандар өлкесі Пәкістанға көшеді. Онда «Талиммул Құран» медресесінде Құран тәпсірі мен парсы тілін үйренеді. 1953 жылы Пәкістандағы түрік елшісі Салахатдин Ерболмен кездеседі. Онан соң Түркияға түпкілікті қоныс аударды. Босқын қазақтарды Түрік үкіметі қабылдап, көшіріп алды, үй-жай берді.

Халифа Алтай – қасиетті Құран Кәрім кітабының қазақ тіліндегі тұңғыш аудармашысы, этнограф, түріктанушы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының тұңғыш иегері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. «Алтайдан ауған ел», «Естеліктерім» кітаптарының авторы. Шығыс Түркістаннан көшкен қазақтардың ауыр күндерін шынайы жазған.

Стамбулда қазақтар көп қоныстанған Қазақкент, Зейтінбұрны сияқты аудандарда мешіт, медресе, діни білім беретін орталықтар салуда еңбегі зор. «Құран әліппесі және иманның шарттары» деп аталатын кітап шығарды.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан соң атажұртқа алғашқылардың бірі болып қоныс аударды. Дінмұхаммед Қонаевпен емен-жарқын әңгімелесіп, ол кісінің Түркияға сапары кезінде Дәлелхан қажы, Тоқтабай Топлы, Мұхаммед Қылышпен, т.б. бірге қарсы алды.

Алматыдағы Дүниежүзі қазақтарының бірінші құрылтайына қатысып, сөз сөйледі. Өзі аударған Құран Кәрім кітабын сыйлады. Отанына оралған қандастардан Қазақстанның азаматтығын бірінші болып Халифа ата алған еді. Елдің бірнеше облыстарын аралады. Мешіттерде халықпен кездесті. Дін, шарият төңірегінде әңгіме өрбітті. Жанында Халық жазушысы Қалтай Мұхаммеджанов бірге болды.

Кейін Өскеменде үлкен мешіт салынып, оған Халифа Алтайдың есімі берілді. Бұл істе сол кездегі аймақ басшысы Бердібек Сапарбаевтың қызметі орасан зор. Мешіттің іргетасы қалануынан бітуіне дейін басы-қасында болды. Алматы маңында Қырғауыл ауылындағы мешітке де, Алматыдағы үлкен бір көшеге де ғұламаның есімі берілді.

Ол «Атажұрттан Анадолыға дейін» кітабы үшін «Алаш» сыйлығын алды. Жас ұрпақты тәрбиелеудегі ісі үшін Абай облысы Аягөз қаласының, сондай-ақ Қызылорда облысы Шиели ауданының құрметті азаматы болды.

Семейде Абайдың 150 жылдығы мерекесіне арнайы қатысып, құрметті қомағы болып, бата берген де осы Халифа ата болатын.

Оның үлкен ұлы Парижде тұрады. Сондағы қазақ ардагерлері кеңесінің төрағасы. Кіші ұлы Әбдірейім Алтай Түркияның Маниса қаласында тұған. Стамбулда түрік лицейін бітірген. 1999 жылы әкесіне көмектесу үшін отбасымен Қазақстанға көшіп келді. Өке шаңырағында, Халықаралық Халифа Алтай Қорының жетекшісі. Қордың мақсаты – діни шежірелер, қазақтың салт-дәстүріндегі ислам қағидаларын насихаттау.

«СБ» ақпарат

Ұстаз ұлағаты ұмытылмайды

Тәуелсіздігіміздің отыз бірінші жылы да өз мәресіне таяу калды. Толағай табыстар мен іргелі істерге толы, қиындығы мен ауыртпалығы қатар жүретін әр жылымыз тарих жылнамасына таңбалануда. Бүгінгі жас ұрпақ өткеннен бейхабар. Жасымыз жетпістен асқан біз бала да болсақ, әкелеріміздің жанқиярлық бейнеткештігін, адал еңбектенгенін көзбен көріп өстік.

Сондай адал еңбегімен елімізге танылған ұстаздардың ұстазы Әлтай Аймағанбетовтің биыл 110 жылдығы. Әйгілі Хазіреті Әлі «Маған бір әріп үйреткен кісіге қырық жыл қызмет етуге дайынмын» деген екен. Сол айтқандай, аса қадірлі ұстазымды қанша жыл өтіп кетсе де сағынышпен, қимастықпен есіме аламын.

Әлтай ағай дүниеден өткенде Жаңақорған ауданы Екпінді ауылының орталығындағы шағын аялаңда үлкен жиын митинг болған еді. Онда облыс, аудан басшылары мен ауыл азаматтары бірінен соң бірі шығып сөйлеп, оның өмірбаяны, еңбек жолы мен азаматтық қасиеттерін айтып, аулы ұстазбен қоштасқан болатын. Оқушылардан орта буын сыныпта оқитын озат пионер Жетпісбаев Тұңғышбай сөйлеп, қадірлі ұстазымен жылап тұрып қоштасты. Сапта тұрған оқушылар да, үлкендер де аулы азаматты қимай көзіне жас алды. Соңында ұстаздың мүрдесі қойылған табытты ауылдан он шақырым жердегі көне қала Сығанақтағы мазаратқа қарай жаяу көтеріп халық шұбырып бара жатты. Сөйтіп абзал азамат, Отанның жанындай сүйген патриот ұстаз Әлтай Аймағанбетов 48 жасында-ақ бұл жалғаннан аттанып кете барды.

Ол 1912 жылы Шиелі ауданы Сорбулак болысы №5 ауылдық советінде дүниеге келген. Анасы 1915 жылы үш жасында, әкесі 1921 жылы тоғыз жасында қайтыс болып жетім қалған Әлтай ағаларының қарамағында болған. Қайсар бала ескіше оқып, ауыл молдасынан арапша хат таныған. Жастайынан білім қуып, өте зерек болып өскен. Өуелі Ташкент қаласындағы жұмысшылар факультетін (рабфақты) бітірген. 1928 жылы Жаңақорған ауданы өз алдына шаңырақ көтерген кезде жалпы сауатсыздықты жазушыларна белсене қатысты. Жас жігітті көпшілік қауым өз орталауына ықыласпен тартып, он алты жасында алғашқы жастар

қатарында комсомол мүшелігіне қабылданды. Болашағы зор балаң жігіт сол бір күннен бастап, күндіз мектеп балаларын, кешке колхозшылар мен ауылдың ересек ұл-қыздарын жинап алып оқытып, сауатсыздықты жоюға белсене араласып кетті. 1931-1932 жылдары ауылдарды ашаршылық жайлап, жастарды оқытуда біраз қиындықтар туындайды. Оның үстіне арнайы ғимарат та жоқ. Әлтай Аймағанбетов ауданның сол кездегі оқуға ынтасы бар жастарын әр жерден мектеп ашып сауаттандыруға күш жұмсады. 1932-1936 жылдары №1 Бесарық ауылдық кенесі қарамағындағы мектептерде, 1936-1938 жылдары Жаңақорған орталығындағы мектепте, одан кейін Төменарық, Қандыарал, Елтай, №23 разьезд (детдом), Ескі Екпінді, Жаңа Екпінді мектептерінің іргетасын қалауға атсалысып, білімді мұғалімдерді жер-жерден тауып, кейбіреулерінің айлық курстарда оқуына, қайта өз орталарына келуіне ықпал етеді. Осындай еңбектерімен көзге түскен соң 1938 жылы аудандық партия комитетінің бюросы партия қатарына қабылдайды. Ол өзінің кішіпейілділігінің арқасында ауданның сол кездегі ұстаздарымен толық танысып, ағарту саласының жұмысының жандануына зор үлесін қосады.

Ұлы Отан соғысының басталуы талантты жастың өміріне қатты әсер етеді. Ол жедел Совет Армиясы қатарына шақырылып, 1941-1942 жылдары Ташкент қаласындағы жаяу әскерлер училищесіне қабылданды, қысқа курсты ойдағыдай бітірді. Кіші лейтенант атағын алып, алғашқы фин соғысынан зарлап шеккен аймақтарға жіберіледі. Көп ұзамай кіші лейтенант Әлтай Аймағанбетовті Ленинград майданына аттандырады. Осы уақыт ішінде әскери шені лейтенант атағына көтеріледі. Соғыста взвод командирі болады. Псков, Польша жерлерін азат етуге қатысып,



Прага қаласын азат ету майданында жүргенде жамбасынан қатты жаракат алады. Сөйтіп дала госпиталына түседі. Басы аман қалып, елге оралуына тура келді.

Қос балдаққа сүйенген қайсар азамат бірте-бірте балдағын тастап, аудандық партия комитетінің шақыртуымен штатты насихатшылыққа тағайындалды. Құмарық ауылдық кенесінің төрағасы болып қызмет атқарды. Соғыс даласындағы қираған елді мекендерден жетім қалған үш жүзден аса бала үшін қазіргі Екпінді теміржол бекеті жанынан жетім балалар үйін (детдом) аштырып, онда орыс тілінде оқитын жетіжылдық мектеп салдыруға белсене атсалысты. Ж.Асанбаевты сол мектепке директорлыққа ұсынып, жұмыс істеуіне жол ашты. Артынша 1948 жылы Ескі Екпіндіде төртжылдық мектеп үйін салдырды. Оны 1951 жылы жетіжылдық мектепке айналдырды. Оған Н.Едігеновті директорлыққа ұсынып, өзі қазіргі Жаңа Екпінді ауылы орталығынан 1954 жылы ауыл азаматтары күшімен асарлап жетіжылдық мектеп үйін салдырды. Ол мектеп қазір №166 қазақ орта мектебі деп аталады. Өзі осы орта мектепте директор болып өмірінің соңғы күндеріне дейін қызмет атқарды. Соғыста алған жарақатының зардабынан 1960 жылы күзде дүниеден озды. Осындай қиын-қыстау өмірді басынан өткізген ұстаз үнемі білімн жетілдірумен айналысты. Ол 1959 жылы Н.Гоголь атындағы Қызылорда пединститутын бітірген еді.

Жаңақорған ауданында сол бір қиын-қыстау кезде еңбек еткен мұғалімдер Мүсілім Мырзахметов, Нәлтай Едігенов, Низамиддин Ильялетдинов, Исмағұл Досболов, Әбдіқадір Қансейтов, Абдыл Мұсабаев, Сатыбалды Әлібеков, Төлеген Мұсаев, Жүндібай Жайпановпен сыйлас болды. Бізбен де жұмыстас болып, бертіңде дүниеден өткен ұстаздар Әбіласан Әшірбеков, Әбдіхалық Мұсабеков, Мәткерім Досжановтар Ә.Аймағанбетовпен сыйластықтары жайлы айтып отыратын. Қарт ұстаз Ә.Әшірбеков «Өлтекең өзінің іскерлігі, қарапайым елзектігімен көзге түсетін. Қазіргі Бірлік, Бесарық, Төменарық, Екпінді, Қандарал, Елтай мектептерінде ол кісінің қолының табы бар» дейді. Ә.Мұсабеков «Өлтекең екеуіміз талай рет Төменарық, Елтай, Қандарал, Политотдел, Жаңарық мектептерін инспекторлық тексеру кезінде бірге аралап, нақты әдістемелік көмек берген едік» дейтін. Ә.Маженов «Өлтекең соғысты көзімен көріп келгендіктен бе, жетім балаларды қатты мұсіркейтін. Қазіргі Екпінді бекеті жанындағы балалар үйін салдырып, мектеп аштырып, оған орыс тілінде сабақ беретін мұғалімдерді іздегіріп тауып еді» деген болатын. Қарт ұстаздардың бастауыш сыныпта ұстазым болған Әлтай ағайым туралы жылы сөзін естіп мен де марқайып қалушы едім. Әлтай Аймағанбетовтен тікелей дәріс алған ағаларымыз Құдайберген Жаңабергенов, Үсен Абдуллаев, Дүйсен Нұрымов, Мелет Әлтаев, Тынысбек Досмағанбетов ұлағатты ғалымдар дәресіне жетсе, шәкірті Жандарбек Мәлібеков тәуелсіз Қазақстанның мыздын айбаны – Елтаңбамыздың авторы атанды.

Ол бүкіл ғұмырын жас ұрпақты тәрбиелеуге арнады. Өмір тауқыметін арқалаған асыл жанын артында өшпестей із жатыр. Ұлдары Мелет, Рысбек, Асан, Мұрат, қыздары Патыма, Сәтендерден тараған ұрпақтары, немерешөберелері өсіп, жайқалған бәйтерекке айналған үлкен әулет.

Бір айтарым, ел ардақтысы, ұстаз Әлтай Аймағанбетовтың есімі аудан көлеміндегі ешқандай көшеге берілмеген. Ел басқарып отырған азаматтар осыны ескерсе екен.

Сайлаухан ЖАРТЫБАЕВ,
ардагер ұстаз

Азия чемпионы атанды

Түркістан қаласындағы Халықаралық туризм және меймандостық университеті Президент қолдауымен 2020 жылы ашылып, «Туризм», «Денешынықтыру және спорт» мамандықтары бойынша маман дайындайды. Университет шетелдік және отандық жетекші жоғары оқу орындарымен әріптестік байланыс орнатып, халықаралық білім кеңістігінде өзіндік орнын қалыптастырып келеді. Мұнда ҚР Халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері мен КР спорт шеберлері білім алып, Әлем және Азия чемпионаттарында жеңімпаз атануда.



Жақында «Денешынықтыру және спорт» мамандығының 3-курс студенті Алена Гладкова Моңғолияның Улан-Батор қаласында пауэрлифтингтен (жатып көтеру жаттығуы бойынша) өткен Азия чемпионатында 52 келі салмақ дәрежесінде 1-орын иеленіп, абсолютті чемпион атанды. Алена осы жарысқа дейін Алматы қаласында 40-тан астам елдің үздік спортшыларының қатысуымен өткен Әлем чемпионатында 1-орынды жеңіп алған болатын. Оның әлемдік деңгейдегі бұл жетістіктері еліміздің пауэрлифтинг спортшының дамуына үлкен үлес қосатынына сенімдіміз мол. Студентімізді тұғырлы жеңісімен құттықтап, алдағы уақытта өтетін байрақты боскелерде биікке көтеріле беруіне тілектестік білдіреміз.

2022 жылдан бастап университетте «Спорттық-сауықтыру фитнесі» мамандығы ашылды. Бұл мамандықта 64 студент білім алады. Оның 60-ы – грант иегерлері. Еліміздегі спорттық фитнес саласы бойынша жаңадан ашылған бірегей мамандықтың әр өңірдегі заманауи спорт кешендері мен фитнес клубтары, тренажер залдарын білікті мамандармен қамтамасыз етуде алатын орны ерекше болмақ. Талапкерлерді Түркістан қаласындағы Халықаралық туризм және меймандостық университетіне ҚР Мәдениет және спорт министрлігі тарапынан бөлінетін жыл сайынғы 800 білім грантының иегері болуға шақырамыз.

Жандос ЕСІРКЕПОВ,
Халықаралық туризм және меймандостық университетінің қауымдастырылған профессоры

Қазақстанда Еуропалық Одақ қолдауымен «Сенің дауысың маңызды» жобасын жүзеге асырылуда. Жобаның ақпараттық науқаны еліміздің бес қаласында – Қызылорда, Талдықорған, Петропавл, Семей және Ақтауда өтеді. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Студенттер сарайындағы жиынға студент жастар, облыс тұрғындары қатысты.

Цифрлық сауаттылықтың маңызы

Жобаның мақсаты – жастар мен әйелдерді азаматтар мен үкімет арасындағы өзара әрекеттесуді жеңілдететін азаматтық технологиялар, құралдар мен қызметтер туралы ақпараттандыру, сондай-ақ ҰЕҰ-ны ағарту жұмыстарына тарту. Жиында Орталық Азияның Еуразия қорының жоба жетекшісі Ақмарал Қарлыбаева қатысушыларға ақпараттық науқанның маңызын түсіндірді.

– Елімізде мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу үшін халыққа барлық жағдай жасалған. Бірақ мемлекеттік қызметтерді онлайн режимде алуды барлығы біле бермейді. Мұндай ақпараттық науқандар тұрғындарды, әсіресе өңірлер мен ауылдық жерлердегі онлайн марафондарымызға, басқа да іс-шараларға белсенді қатысуға тарту үшін өте қажет. Жоба жұртшылықтың өз мәселелерін шешіп қана қоймай, цифрлық сауаттылық деңгейін арттыруға көмектеседі, – деді ол.

Айта кетейік, Орталық Азияның Еуразия қоры аймақта 2005 жылы құрылған. Қоғамдық ұйым ұлттық және өңірлік деңгейде азаматтарға қоғамдық мәселелердің тиімді шешімдерін табу және ілгерілетуге көмектесе отырып, қоғамдық және жеке ресурстарды жұмылдырады. А.Қарлыбаева іс-шараға қатысушыларға 7 күндік онлайн марафон туралы айтып берді.

– Марафон қорытындысы бойынша қатысушылар Алматы және Астана қалаларында өтетін үш күндік лагерьге жолдама алады. Онда олар азаматтық технологияларды, ақпараттық-насихат құралдарын және жобаларды басқаруды тереңдетіп оқыту курсынан өтеді. Сондай-ақ бастамашы топтар мен ҰЕҰ арасындағы конкурса іріктеледі.

Жүлдегерлер өз идеялары үшін 3500 еуро көлемінде қаржы алады, – деді жоба жетекшісі.

Іс-шарада Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры Жандос Базартай жоба жұмысына сәттілік тілеп, азаматтық технологияларды пайдалануда білім мен мүмкіндіктерді теңестірудің маңызына тоқталды. Жиын қатысушылары азаматтық технология негіздерімен танысты. Сондай-ақ, ЭЦҚ алу, eGov сертификаттары, өтініштер беру, Datumed-ке жазылу, басқа да қызметтер туралы ақпарат алды.

«TeachMe» қоғамдық қоры директоры Захира Бегалимеваны айтуынша, жобаның мақсаты – жаңа заманауи цифрлық дағдыларды қолдану арқылы жастар мен әйелдердің шешім қабылдаудағы рөлін күшейту.

– Технология өмірімізді әлдеқайда жеңілдетеді. Көпшілігіміз үшін баланы қашықтан балабақша кезегіне қою немесе eGov веб-сайтынан қажетті анықтаманы алу өте оңай. Дегенмен, бүгінге дейін халыққа қызмет көрсету орталығына барып көмек сұрап, дәрігерге тіркелу үшін ем-хана табалдырығын тоздырып жүрген азаматтарымыз да бар, – дейді қор директоры.

Айта кетейік, жобаның ақпараттық науқаны Қызылорда қаласынан бастау алып отыр. Жоба Қазақстандағы әйелдер мен жастардың барлық деңгейлерде шешім қабылдаудағы рөлін нығайтуға бағытталған. Орталық Азияның Еуразия қоры мен «TeachMe» құзыреттілікті дамыту орталығы жүзеге асыратын жоба 2024 жылға дейін жалғасады.

«СБ» ақпарат

Халық шаруашылығының түрлі саласында еңбек етіп, тер төккен аға буын еңбегінің бағалануы – игілікті іс. Жалағаш ауданы Бұқарбай батыр ауылында тұратын еңбек ардагері Дәдікбай Төрекұлов ақсақал 1943 жылы дүниеге келген. Әкесі Төрекұл алғаш ұйымдастырылған «Ірікөл» серіктестігіне мүше болып еңбек еткен. Сол шаруашылықтың малшысы болған.

Еңбек еткеннің еңсесі биік



Қызылорда платинасы құрылысын және Тасбөгет қыстағын салу жөніндегі қаулыға сәйкес, облыс колхоздарынан жұмыс қолын тарту тапсырмасына байланысты сол жаққа барып құрылыс жұмысына қатысқан. Жұмысшыларды азық-түлік, етпен қамтамасыз ету үшін қойшы болып еңбек еткен. Бейнеттен сол жақта қайтыс болған.

Мандайын тірейтін жанның болмауына байланысты Дәдікбай шешесімен 1953 жылдың басында туған жері Қараөзек бойындағы корей ағайындар қоныстанған «Серкеш» серіктестігіндегі нағашысы Оңғарбай Алмағанбетті паналаған, өмірдің басқа салған тауқыметін бір адамдай көріп өскен. Калинин колхозына көшіп келіп осындағы мектептің 7-сыныбын бітірген. Аудан орталығындағы механизатор даярлайтын №150 училищені тәмамдаған. Осы жылдан бастап Калинин атындағы колхозда «Ленин» орденінің иегері Яков Яковлевич Ким басқаратын шаруашылықта механизатор болып еңбек жолын бастайды.

Өндірістен қол үзбей жүріп Түркістан техникумын механик-техник мамандығы бойынша бітіріп, арнаулы орта білім алады. Өмірде шыңдалған, сауатты Дәдікбайға колхоз басшылары бастауыш комсомол ұйымына жетекшілік етуді сеніп тапсырды. Бұл жұмысты дөңгеленткен ол түрлі мәдени-көпшілік, тәрбиелік іс-шараларды тек қана ауыл емес, аудан көлемінде де ұйымдастырушы көшбасшы болған. Шаруашылықтағы 12 ұлт өкілінің жастарын тәрбиелеуге, оларды еңбекке жұмылдыруға жетекшілік етті. Колхоз жастарының «Қыз-ғалдақтар» ән-би ансамблі өмірге келді. Ансамбль құрамында әнші-биші Лариса Ким корей халқының «Торради» әнін айтса, ағайынды Салмановтар қазақтың халық әндерін асқақтатып, «Тракторшы Гүлсара» әнін шырқаған. Шешен жігіті Қазақбай Мәжіев «Кавказ» биін орындап, көрермендердің ықыласына бөленген еді. Колхоздың клуб меңгерушісі Қиыр Шығыстағы Корей театрының скрипкашысы Ли Чен Хо әнші жұбайымен тамылжытып ән салатын. Сазгер, саксафоншы Жұма Дәменов көркемөнерпаздар ұйымына қатысушылардың ұйытқысы еді.

Еңбек жолын механизатор болып бастаған, комсомол жұмысында шыңдалған Дәдікбайға колхоз басшылары сенім артып №8-өндіріс бригадасын басқаруды тапсырды. Ол жылдары колхозда алты мың гектардың үстінде ауыспалы егіс жүйесіне инженерлік тегістелген жер болатын. «Главриссовхоз» тресіне қарайтын. Дәдікбайдың айтуынша, алғашқы жылдары тегістеліп инженерлік жүйеге келтірілген су басқан алқаптардың топырағы отырып, атыздар мен ішкі каналдар бұзылып, айтарлықтай қиындықтар туындаған. Сушылар күшімен қалпына келтірілді.

Осы мақаланы жазу кезінде Дәдікбай ескірген блокноттарын ақтарды. Бригада алғашқы жылдары өзіне бекітілген 420-450 гектардан 45 центнер, одан кейінгі жылдары 48-50 центнер, сексенінші жылдары 55-60 центнер өнім алуды қамтамасыз етіп отырған. Осы еңбегі бағаланып 1980-1985 жылдары аудандық партия комитетінің бюро мүшесі болған, партия конференцияларына делегат болып қатысқан. Жергілікті кеңестің депутаттығына сайланған. Кеңшар директорының өндіріс жөніндегі орынбасары, өндіріс бригадирі, «Байтабын» ЖШС-да бригадир қызметін атқарған. Ел байлығын арттырып тер төкті. Өндірістің шешуші саласында еңбек етті. Бригада мүшелері көпсалалы кеңшардың барлық жұмысына қатысатын. Мал қыстату, елді мекендерді көгалдандыру, көркейту, т.б. жұмыстар атқаратын, жыл он екі ай тыным таппайтын.

Осы тұста халық аузында аңыз болып кеткен мына сөзді еске алғым келеді. Ертеерке бригадир болған атамыз «Мәскеу тапсырманы республикаға береді, республика облысқа тапсырады, облыс ауданға береді, аудан колхозға міндеттейді, колхоз сол тапсырманы орындауға маған жұктейді!» деп астындағы атын қамшылаумен болған екен, жарықтық. Д.Төрекұлов сондай тапсырманы 45 жыл орындаған, еңбегі бағаланған. Ол III дәрежелі «Еңбек данқы» орденімен, «Еңбек ардагері», «Тыңға – 50 жыл», басқа да орден-медальдармен марапатталған.

Ұзақ жыл үзбей өндіріс бригадирі болған Дәдікбайдың жинаған астығынан тау тұрғызуға болады екен. Еңбек адамы бағаланып, оған ауданның Құрметті азаматы атағын беруге лайық деп айта аламыз.

Бүгінде Дәкен жары Салихамен 4 ұл, 2 қыздан өрген немере-шөберелерді сүйіп отыр. Баласы Оразбек – әкесі басқарған алқапта өндіріс бригадирі. Келіні Ақлима «Байтабын» ЖШС-да бас есепші, басқа балалары да сол ауылда жемісті еңбек етеді.

Рысбай КӨРІМОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
Жалағаш ауданының Құрметті азаматы

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-52** телефоны арқылы байланысуға болады.
E-mail:smjarnama@mail.ru

«ТОРФАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ ұжымы Компанияның шағым-талап жұмыстары жөніндегі 2-санаттағы заң кеңесшісі Ибраев Нұрланға әкесі

Құлатай Төлетайұлының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



ҚАЛА КҮНІ

Шырайы артқан шаһар

Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қолдауымен Қызылорда қаласының тарихы музейінде «Қала күні» мерекесіне орай «Шырайы артқан шаһар» атты көрменің ашылу салтанаты өтті. Көрмеге университет, колледж студенттері мен қала тұрғындары қатысты.

Сб Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»

Көрменің мақсаты – халық мұрасын ұлықтап, қайталанбас мәдениетті дәріптеу арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту. Іс-шара барысында қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жағыпар Тәжмаханов көрмені ұйымдастырушыларға алғыс білдірді.

– Қызылорда қаласы – тоғыз жолдың торабында орналасқан тарихи бай шаһар. Өткеннен сыр шертетін колөнерші жастардың

бұл көрмесі өңірге рухани-мәдени азық сыйлайтыны анық. Қала күні қарсаңында Сыр елінің мәдениетін ерекше сипатта бейнелеген жас өнерпаздарға алғыс білдіремін. Бүгінгі көрме қала жұртшылығына рухани әсер қалдырады деген үміттемін, – деді ол.

Көпшілікті тәнті еткен көрмеге қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының оқушылары жасаған колөнер туындылары қойылды. Сондай-ақ, үйірме мүшелерінің



қолынан шыққан сәнді киімдер топтамасы көрсетілді. Атап айтар болсақ, ежелгі адамдардың қолданған тұрмыстық заттары, қыш құмыралар, сәндік бұйымдар, тоқыма өнімдері, бейнелеу өнері туындылары, киіз үй бұйымдары

көрмеге көрік берді.

Жиын соңында жас жеткіншектер ән шырқап, көпшіліктің көңілін көтерді. Сондай-ақ, бір-қатар колөнерші жастар арнайы сыйлықтармен марапатталды.

МУЗЕЙДЕГІ МҰРА

Тарихтан тін тартқан

Облыстық тарихи-өлкетану музейінде Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетіне қарасты «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының «Тарихи Түркістан» тақырыбындағы көшпелі көрмесі ашылды.

Сб Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Іс-шарада облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Сапар Көзейбаев және «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының директоры Мәулен Садықбеков сөз сөйледі.

– Музей – тарихымыз бен мәдениетіміздің түп-тамыры, ұлттық құндылығымыздың айшықты келбеті шоғырланған киелі орын. Осынау мәдени орында ізденген адам үшін сан қырлы құнды деректер табылады.

Жасыратыны жоқ, театрлар, музейлер бос қалған бір кезең болды. Ал қазір театрлар, кино-театрлар, басқа да өнер ошақтары өз көрмесінен тапты. Сол сияқты, уақыт талабына сай музейлер де халық тұрақты жиналатын іргелі орталыққа айналуы керек. Көшпелі көрмені ұйымдастырудағы мақсатымыз да осы. Музей қорындағы маңызды әрі құнды жәдігерлерді насихаттау, сол арқылы өзара мәдени байланыс орнату, – деді М.Садықбеков.

Тарихшы-ғалым Дастан Сәтбай Түркістан қаласының қазақ руханиятындағы өзіндік орны туралы айтып, оған айғақ болатын тарихи деректерге тоқталып өтті.

– «Тарихи Түркістан» көшпелі көрмесі аясында студент жастардың көптеген құнды мәліметтерге қанығып, ой-таным деңгейін толықтыруына, ізденісін



арттыруына мүмкіндік мол. Ілім-білім іздеген адам архивтер мен музейлерде жиі-жиі болуды әдетке айналдырғаны жөн, – дейді ол.

Бұдан әрі көрмеге келушілер ежелгі және ортағасырлық тарихымыздан сыр шертетін сан түрлі жәдігерлерді тамашалады. Айталық, көрмедегі біздің дәуірімізге дейінгі II-IV ғасырлардағы нумизматикалық табыстар мен жеке коллекция жинақтары келушілердің қызығушылығын тудырды. Деректер бойынша осы кезеңде өлкенің жеке ақша айналым аумағы кеңейіп, жаңа ақша сарайлары пайда бола бастаған екен.

– Ұлы Жібек жолының Шығыс пен Батысты байланыстырушы маңызды бағыттарының барлығы да қазақ даласы арқылы өтуі бұл жерлерде ірі-ірі сауда орталықтарының пайда болуына жол ашты. Бұған дейін ақша соғу ісімен айналысқан Соғды, Хорезм сияқты иеліктер де бұл аумақты өз ақшаларымен қамтамасыз ете бастады.

Қазіргі таңда Қазақстан археологтарының қазба жұмыстары кезінде табылған нумизматикалық табыстар мен жеке коллекционерлер жинақтары өлкедегі сауда-саттықты зерттеуге мүмкіндік береді. Бүгінде «Әзірет Сұлтан» музей-қорығының жәдігерлер қорында осы дәуірге тән біршама нумизматикалық материалдар жинақталған. Бұл жәдігерлер өлкенің сол кезеңдердегі материалдық-әлеуметтік, саяси-рухани өмірінен хабар береді, – дейді музей-қорық экскурсоводы Талғат Оразов.

Бес бөлімнен тұратын көрменің алғашқы бөлімін музей қорындағы нумизматикалық материалдардың ең көне үлгілері біздің дәуірдің II ғасырынан бастау алып, VII-VIII ғасырларда өлкенің түркі тайпаларының ықпалына өткен кезеңдеріндегі нумизматикасына қатысты жәдігерлер мен деректік материалдар құрайды. Ал екінші

жазба ескерткіштерден алынған материалдар қамтылған.

Өлкеде билігі үстемдік еткен Хорезмшах Мұхаммед бин Текеш атынан соғылған тиындар, XIII ғасырдағы моңғол билеушілерінің ақша түрлері мен музей қорында кездеспейтін кей тиындардың суреттері мен сол кезең нумизматикасына қатысты материалдар, сондай-ақ, Темуридтер дәуірінің XIV ғасырдың аяғы XV ғасырға тән нумизматикалық материалдар көрменің үшінші және төртінші бөлімін қамтыған.

Бесінші бөлімде Ясы – Түркістанда Қазақ хандығы дәуірінде XVI ғасырда Ташкент, Түркістан, Сауран, Сайрамда соғылған мыс тиындардың бірнеше типтері мен XVII ғасырда өлкеде үстемдік еткен Жәні әулетінің күміс теңгелері экспозициядан орын алған.

Жалпы көрмеге 200-ден астам нумизматикалық материал мен Түркістан қаласының тарихына қатысты XIX ғасырда түсірілген жиһанкез А.Кунның фотоальбомынан суреттер қойылды.

Еліміздің ортағасырлық тарихында, оның ішінде қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы және дамуында ерекше орын алатын тарихи-географиялық аймақтар бар. Сол аймақтар қатарына Сырдың орта ағысы бойында орналасқан, тарихы тереңнен бастау алған Түркістан өңірі де жатады. Түркістан – түркі дүниесінің ежелден келе жатқан рухани, мәдени орталығы. Түркі халықтарының құрметпен тағзым етер алтын бесігі, қасиет пен кие дарыған мекені. Орта Азияға келген Ысқақ бап, Әбдіжәлил бап, Әбдірахман баптардың Түркістан төңірегінде тоғысқаны тегін болмаса керек. Мұның барлығы «Насаб-нама» қолжазбасында егжей-тегжейлі баяндалған. Жалпы бұл өңірдің киелі мекен саналатынын дәріптеуге арналған басқа да көптеген тарихи деректер жетерлік.

Көрмені ұйымдастырушылардың айтуынша, VIII-XVI ғасырлар аралығында жазылған Шығыс жазба деректерінің мәліметтерінде Түркістан атауы бірнеше мәнде қолданылады. Атап айтсақ, осы ғасырлар аралығында орасан зор тарихи-этнографиялық өңірдің, соның ішінде белгілі бір аймақтың және нақты қаланың атаулары тілге тиек етіледі. «Түркістан» атауы жазба дерек мәліметтерінде VIII-IX ғасырлардан бастап кездесе бастайды да, парсы тілінде «Түркілер елі» деген мағынаны білдіреді.

Түркістанның осындай атақ-абыройға жетуі түркі халықтарының рухани ұстазы, «Әулие-лердің сұлтаны» (Сұлтан ул-арифин), «Түркілердің сұлтаны» (Сұлтан-и Турки), «Бақытқа ашылған қақпа» (астана-и саадат), «Рухани тіректердің ұстазы» (қутуб ул-ақтаб), «Шайхтардың шайхы» (шайх ул-машайх), «Түркі елінің пірі» (пир-и Туркистан), «Әзірет Сұлтан» атанған Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың есімімен тікелей байланысты.

– 25 мыңнан астам жәдігері бар «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының Сыр өңірінде көрме өткізудегі мақсаты – Түркістанның тарихи орнын, оның мәдени-рухани келбетін ашып көрсету, тарихи мұраларды насихаттау, мәдени байланысты кеңейту, музейлер арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған. Осындай мәдени іс-шаралар қоғамда, ел ішінде рухани құндылыққа деген шынайы қызығушылық пен лайықты құрметті қалыптастыруға негіз болады, – дейді облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Сапар Көзейбаев.

Айта кетейік, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының көшпелі көрмесі 21 қыркүйектен бастап 20 қазанға дейін бір ай бойы қызмет көрсетеді.



ФУТБОЛ

ЕСТЕ ҚАЛАТЫН ЕЛЕУЛІ ОЙЫН

Футболдан Қазақстан құрамасы UEFA Ұлттар лигасының В лигасына жолдама алды. Мұндай зор табысқа қазақстандық футболшылар өз алаңында Беларусьті жеңгеннен кейін қол жеткізді.

С лигасы үшінші тобында сынға түсіп жатқан құрамамыз аталған кездесуде жеңіске жетсе, алдағы маусымдағы Ұлттар Лигасында В дивизионында ойнауға мүмкіндік алатын еді. Онда Еуропаның алдыңғы қатарлы құрамаларымен шеберлік байқасуға жол ашылатын. Оған қоса 2024 жылғы Еуропа чемпионатының іріктеу ойындарына қатысуына әбден болады.

Осындай себептерге байланысты қазақстандық құрама кездесу басталғаннан кейін бар күшін салды. Десе де, олар үшін Беларусь қолайсыз қарсылас еді. Екі құрама бұған дейін бір-бірімен алты ойын өткізді. Оның екеуі тең нәтижемен аяқталса, қалғанында қарсылас құраманың мерейі үстем болды.

Ал турнир кестесінде қазақстандық футболшылар көш бастап тұрса, Беларусь құрамасы небәрі екі ұпаймен төртінші орында келе жатқан болатын. Олар үшін жеңіліс алдағы маусымда D лигасына түсіп қалу қаупін арттыратын. Осындай себептерге байланысты кездесу тартысты басталды.

Екі құрама бірден-ақ алға қарай ұмтылды. Кездесудің 29-минутында қазақстандық Михаил Габышев есеп ашты. Бұдан кейін де қазақстандық футболшылардың қақпа торын тулатуға бірнеше мүмкіндігі бар еді. Ал 45-минутта беларусь футболшысы Павел Савицкий таразы басын теңестірді.

Екінші кезең қазақстандық құраманың шабуылымен басталды. Жасыл алаңның барлық бөлігінде біздің жігіттер допка иелік етуге тырысты. Нәтижесінде 79-минутта Бақтыр Зайнутдинов гол соғып, Қазақстан қарсыласын 2:1 есебімен жеңді. Енді олар алдағы маусымда В лигасында ойнайды. Сондай-ақ, қазақстандық футболшылар Беларуське қарсы жеті ойынға созылған сәтсіздіктер сериясын осылайша бұзды.

Енді Қазақстан құрамасы 25 қыркүйекте сырт алаңда Әзербайжанмен кездеседі.

ДЗЮДО

МАҒЖАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНА БАРАДЫ

Өзбекстан астанасы Ташкент қаласында өтетін дзюдодан Әлем чемпионатына қатысатын ел құрамасының құрамы белгілі болды. Олардың қатарында 60 келі салмақта бақ сынайтын қызылордалық Мағжан Шәмшадин де бар.

Сондай-ақ, ел құрамасында Елдос Сметов (60 келі), Ғұсман Қырғызбаев (66 келі), Данияр Шамшиев (73 келі), Абылайхан Жұбаназар (81 келі), Дидар Хамза (90 келі), Ислам Бозбаев пен Нұрлыхан Шархан (екеуі де 100 келі), Ерасыл Қажыбаев (100 келіден жоғары) бар.

Әлем чемпионаты 6-12 қазан аралығында өтеді.

ҰЛТТЫҚ СПОРТ

РУМИНИЯДАН ОЛЖАЛЫ ОРАЛДЫ

Румынияда 16-19 қыркүйек аралығында ұлттық спорт түрлері бойынша жастар арасындағы Әлем кубогы өткен еді.

Жарыста еліміздің атынан көптеген спортшылар бақ сынады.

Ел құрамасы сапында қызылордалық тоғызқұмалақ шебері Дамир Ахметов жүлдегерлер қатарынан көрінді. Сайыс барысында ол қарсыластарын қапы қалдырып, қола жүлдеге қол созды.

ЖЕҢІЛ ПАРА АТЛЕТИКА

НАЙЗА ЛАҚТЫРУДАН ҚОЛА АЛДЫ

Марокконның Марракеш қаласында Жеңіл пара атлетикадан бүкіләлемдік Гран-при сериясының халықаралық классификациялық жарысы мәресіне жетті.

Оған дүниежүзінің 40-тан астам елінен 300-ден астам спортшы қатысты. Сайыста ел құрамасынан жерлесіміз Еламан Жоламан найза лақтырудан қола медаль жеңіп алды.

«СБ» ақпарат

Меншік иесі



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР

Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар заңгердің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Кезекші редактор Шынар БЕКБАН